**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

# ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨҢДЕУ

Пән коды: ЖБП 15
Пәні: «Дүниежүзі тарихы»
Мамандығы 09110100 – "Стоматология"
Біліктілігі 4S09110102 – "Дантист"
Мамандығы 09110200 – "Ортопедиялық стоматология"
Біліктілігі 4S09110201 – "Тіс технигі"
Мамандығы 09120100 – "Емдеу ісі"
Біліктілігі 4S09120101 – "Фельдшер"
Мамандығы 09130100 – " Мейіргер ісі "
Біліктілігі 4S09130103 – "Жалпы практикадағы мейіргер"
Курс:1
Семестр:1,2
Бақылау түрі: Сараланған сынақ
Барлық сағат/кредит көлемі:120/5
Студенттің өзіндік жұмысы: 24
Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы:12
Аудиторлық: 84

Шымкент, 2025 ж.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама №_1_ «_27_»_08_ 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі: ____________ А.Т. Сатаев

**1 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: "Өркениет" түсінігі.

**Сағат саны:** 135 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2. Сабақтың мақсаты:**

Оқушыларға «өркениет» ұғымының мәнін, оның тарихи қалыптасу жолдарын және даму кезеңдерін түсіндіру.

- Дамыту: Әлемдік өркениеттердің ерекшеліктерін, олардың адамзат тарихындағы орнын анықтауға үйрету.
- Тәрбиелік: Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыра отырып, өркениеттің қоғам дамуына ықпалын бағалау қабілетін дамыту.

**Сабақтың барысы:**

| | |
| --- | --- |
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Білім алушылардың Дүниежүзі тарихынан алған бастапқы білімдерін тексеру

Сабақтың мақсаты мен міндетін айқындау

- Дүниежүзі тарихы пәнінің негізгі зерттеулерін;
- Дүниежүзі тарихы пәнінің мақсаттары мен міндеттерін;
- Дүниежүзі тарихының кезеңдерін;
- пәннің негізгі мағлұматтары мен дерек көздерін;
- Дүниежүзі тарихының өзекті мәселелерін;

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1."Өркениет" ұғымы қандай мағына береді?
2. Өркениет пен мәдениет ұғымдарының айырмашылығы неде?
3. Өркениеттің пайда болуына қандай алғышарттар әсер етті?
4. Алғашқы өркениеттер қайда және қашан қалыптасты?
5. Өркениеттің негізгі белгілері қандай? (қалалар, жазу, дін, мемлекет, еңбек бөлінісі, т.б.)

ӨРКЕНИЕТ (лат. civilis – азаматтық) – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Ежелгі римдіктер бұл ұғымды “варварлықтар” деп өздері атаған басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Олардың түсініктері бойынша “Ө.” азаматтық қоғам, қалалық мәдениет, заңға негізделген басқару тәртібі қалыптасқан

рим империясының даму дәрежесін білдірген. Ө. мәдениет ұғымымен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы қалыптасқан Ө. пен мәдениет ұғымының мағыналарын төмендегідей топтастыруға болады: 1) мәдениет пен Ө. бір, олар синонимдер (И.Гердер, Э.Тайлор); 2) Ө. – мәдениеттің ақыры, оның “кәрілік” шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш.Фурье, О.Шпенглер); 3) Ө. – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Вольтер, Д.Белл); 4) Ө. – тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л.Морган); 5) Ө. – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А.Тойнби, Н.Я. Данилевский, т.б.); 6) Ө. – мәдениеттің тех. даму деңгейі, оның материалдық жағы. Ағартушылық дәуірінде Ө. әлеум.-мәдени дамуды сипаттау үшін қолданылды. 19 ғ-да Шпенглер мен Тойнби еңбектерінде бұл термин өзіндік ерекшелігі бар, жергілікті қауымдастық мағынасында, яғни “тарихи өркениеттер” (Қытай, Вавилон, Түркі, Мұсылман, Орта ғасыр, т.б.) ретінде қолданылды. Дегенмен Ө-ті саралаудың бірегей өлшемдері мен ұстанымдары әлі күнге дейін жасалған жоқ. Соңғы кездері Ө-ке бір аймақта тұратын халықтардың тарихи тағдырластығы, олардың арасындағы ұзақ әрі тығыз мәдени байланыс нәтижесінде әлеум. ұйымдасу мен реттелудің этносаралық жергілікті қауымдастығы деген анықтама берілді. Ө. категориясы мәдени типтерді зерттеуде немесе мәдени-тарихи типологияны жасауда кеңінен қолданылады. Сондай-ақ Ө. типтерін шығыс және батыс деп бөліп, “ғаламдық Ө.” және “техногендік Ө.” ұғымдары да қолданылады. Мәдениеттанушылар Ө-ті “мәдениет” ұғымымен салыстыра қарастырады. С.Хантингтонның жіктемесі бойынша, қазіргі әлемде батыстық, латын америкалық, православиялық, исламдық, конфуцийшілдік, үнді-буддалық, қиыр шығыс және африкалық секілді 8 суперөркениет қатар өмір сүруде. Қазіргі отандық мәдениеттану ғылымында қазақ өркениеті ұғымы қалыптасты. Ол ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алып (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.б.), кейін қазақ хандығы тұсында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестікті сипаттау үшін қолданылады (қ. Дала өркениеті). Қазақ Ө-і 3 үлкен өркениеттердің (православиялық, исламдық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде орналасқан. Оның мынадай өзіндік белгілері бар: а) көшпелі өркениеттің мәдени негізіне рулық-тайпалық одақ жатады; ә) түркі тілінде сөйлеген тайпалар “түркі” этнонимі пайда болғаннан талай ғасырлар бұрын қалыптасқан; б) мұсылман дінін түркі тайпалары біртіндеп өз еркімен қабылдаған және бұл үрдіс Шыңғыс хан империясы тұсында баяулағанымен, түбінде табысты аяқталған; в) орта ғасырлардың соңынан бастап түркі тайпалары моңғолдық этн. элементтерді өзіне сіңіре бастады; г) 15 ғ-да түркілік Орт. Азияда қазақ деп бұрынғы мемлекетінен бөлінген адамдарды айтты. Қазақ халқының және оның ата-тектерінің әлемдік Ө-ке қосқан басты құндылықтарына мыналар жатады: 1) еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті; 2) көшпелілер шөл мен шөлейттерді үйлесімді игере алды; 3) еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А.Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграц. процестер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб Халифаты, т.б.); 4) Ұлы Жібек жолы және басқа да мәдени байланыс жүйелері арқылы түркілер батыс пен шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды; 5) қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактілерін алғашқылардың бірі болып енгізді; 6) түркілердің әмбебап дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды; 7) “адам бол!” ұстанымы, әлемді жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарышпен және адамдармен үйлесімділікте болу, жасы үлкендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады. Қазіргі қазақ Ө-і алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік Ө. құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. «Өркениет» ұғымына қандай анықтама беруге болады?
2. Өркениет пен мәдениет арасындағы айырмашылық неде?
3. Әлемдік өркениеттердің қандай негізгі түрлерін білесіз?
4. Өркениеттің дамуына табиғи-географиялық орта қалай әсер етеді?
5. Ежелгі өркениеттердің қазіргі заман өркениетіне қосқан үлесін атаңыз.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:** "Өркениет" түсінігі. Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №2 сабақ

**1. Сабақтың тақырыбы**: Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсері.

**Сағат саны**: 135 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2. Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Ақпараттық технологиялардың мазмұнын, түрлерін және олардың өркениет дамуына ықпалын түсіндіру;

- Дамыту: Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, талдау, салыстыру және өз көзқарасын дәлелдей білу қабілеттерін дамыту;

- Тәрбиелік: Жаңа технологияларды мәдениетке, ғылымға, білімге және күнделікті өмірге жауапкершілікпен қолдануға тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
| --- | --- |
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: "Өркениет" түсінігі.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Ақпараттық технологиялар (АТ) дегеніміз не және олардың негізгі түрлері қандай?
2. Ақпараттық технологиялардың қоғам өміріне енуінің тарихи кезеңдері қандай?
3. Ақпараттық технологиялар қазіргі өркениеттің дамуына қандай экономикалық әсерін тигізуде?
4. Ақпараттық технологиялардың ғылым мен білім саласындағы рөлі қандай?Өткен ғасырдың аяғындағы өндіріс, ғылым мен техникадағы өзгерістер қоғамның жаңа түріне көшуге ықпал етті. Нәтижесінде ғылым мен білім қоғамның дамуына ықпал жасайтын күшке айналды. Өз кезегінде білім мен ғылымның дамуында ақпараттың алатын орны ерекше. Өйткені, елдің халықаралық сахнадағы бәсекелік қабілеті осы ұлттың білімділігі мен кәсібилігінің деңгейін арттыратын ақпаратпен тығыз байланысты.

Жалпы ақпарат адамзат пайда болғаннан бастап, әсіресе қоғам дамуының барлық кезеңдерінде ерекше рөл атқарды. Дегенмен, ақпараттық технологиялардың үздіксіз ілгері дамуы мен ақпараттық ресурстардың маңыздылығын ескерген кезеңнен бастап ақпараттық қоғам қалыптасты деуге толықтай негіз бар. Сонымен қатар, қазіргі жаһандық құбылыстарға сәйкес ақпараттың қоғамдағы рөлі күннен күнге артып келеді. Бүгінгі заманның негізгі көрсеткіші ретінде ақпараттық саланың нық дамуы саналады. Заманауи ақпарат технологияларының күнделікті бір қалыпта тұрмай өзгеруі адамзат санасына ықпал жасауда. Сондықтан адамзаттың эволюциялық дамуын жаңа технологияларды қоғам мүшелерінің игеруі тұрғысынан қарастыруға болады. Адамзатты киберәлеуметтендіру үдерісі қалыптасып, әлемдік өркениет тарихында Жер планетасы тұрғындарын біз байқай бермейтін жаңа әлеуметтік-психологиялық, саяси-философиялық құндылықтарды сіңдірудің алғышарттары жүзеге асып жатыр. Адам қарым-қатынас мәдениетінің өкілі болғандықтан кез келген ақпараттық құрылғыға тәуелділігінен арыла алмайды. Өз заманында радио мен теледидар өркениет тарихында бір сілкініс тудырса, бүгінгі таңдағы Интернет және оны пайдаланудың түрлі мүмкіндіктері толықтай электронды бағыныштылыққа апарды [. Сондықтан ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер түсініктеріне мән бергеніміз жөн деп ойлаймыз. Қазіргі әлемдегі ақпараттық технологиялардың билік күресі жолындағы ұлттық, халықаралық және жаһандық деңгейіндегі ықпалы мен бақылау шарттарының өсуі заңды құбылыс. Ақпараттық технологиялар – бұл ақпараттық процестерді оңтайландырудың жүйесі. Ол – ақпаратты дайындау, жинау, ұсыну, сақтау және өңдеуде кеңінен қолданылатын әдістер мен құралдар жиынтығының жүйесі. Ақпараттық технологияларды қолданбау өзге технологиялар жүйесінің дамуына өзінің кері әсерін тигізеді. Өйткені әрбір технологияны дайындау және жүзеге асыру барысында ақпаратты жинау, сараптау және сақтаудың қазіргі заманғы модельдеу әдістерін қолдану арқылы мүмкіндіктер туындайды. Ақпараттық ағым технологияландырудың нысаны болып табылады және нақты кезеңдерге арқылы жүзеге асып, операциялар мен алгоритмдерге бөлінеді. Өркениетті саяси

технологиялардың кейбір түрлерін қарастыра келе, біздің ойымызша, қазіргі шарттарда саясаттағы ақпараттық технологиялардың рөлі өте өзекті екендігін айта кетуіміз қажет [3]. Демек, ақпараттық технологиялар (ағылшынның information technology, IT) – басқару технологиялары мен мәліметтерді өңдеу, дайындауға қатысты салалар қызметінің жиынтығы. Мемлекеттің ақпараттық ресурстары – бұл ұлттық байлығымыз. Ақпараттық ресурстардың саны, сапасы мен қол жетімдігі мемлекеттің даму деңгейін анықтаумен қатар, елдің әлемдік қауымдастықтағы мәртебесін көрсетеді. Ол XXI ғасырдағы саяси дамуды айқындайтын негізгі фактор. Сондықтан биліктің жоғары органдарын ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді дайындап, даму жолдарын қарастырған жөн.Соңғы жылдардағы телекоммуникациялар технологиялары арасындағы лидер ретінде Интернетті танимыз. Бүгінгі күнде ол әлемдік қауымдастықтың ақпараттық инфрақұрылымындағы маңызды элемент. Сонымен қатар, Интернеттің қолданысқа енуі мамандар арасында «компьютерлік қауіпсіздік» ұғымын енгізді. Жаһандық компьютерлік желіні қорғау мәселесі ерекше жұмысты қажет етеді. Әсіресе, бұл мәселе Интернетті мемлекеттік билік органдарына енгізуде өзекті болып саналады. Оның саяси мағынасының да астары оның мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігімен тығыз байланыстылығында жатыр.

**Қорытынды сұрақтары:**

1.Ақпараттық технологиялардың өркениеттің дамуына қосқан ең басты үлесі неде?
2. Қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялардың рөлі қандай құндылықтармен байланыстырылады?
3. Ақпараттық технологиялар адамның өмір сүру салты мен ойлау жүйесіне қалай әсер етті?
4. Ақпараттық технологиялар жаһандану процесін жеделдетуде қандай қызмет атқарды?
5. Ақпараттық технологиялардың дамуы өркениеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қандай қауіптер туғызуы мүмкін?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1. Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
3. Үйге тапсырма беру:

Сабақтың тақырыбы: Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсері.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аудармa бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аудармa бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

**№3 сабақ**

**1. Сабақтың тақырыбы**: Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Әлемдік діндердің пайда болуы мен тарихи дамуын түсіндіру;
- Дамыту: Буддизм, христиандық, ислам сияқты әлемдік діндердің адамзат мәдениеті мен қоғамдық өмірдегі рөлін көрсету;
- Тәрбиелік: Оқушылардың толеранттылық, рухани құндылықтарды құрметтеу және мәдениетаралық түсіністікке тәрбиелеу.
**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсері.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.
**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1. Әлемдік діндер дегеніміз не және олардың басты ерекшеліктері қандай?
2. Буддизм, христиандық және ислам діндерінің пайда болу тарихы мен таралу аймақтары қандай?
3. Діндердің қоғам мен өркениет дамуына тигізген ықпалы қандай болды?
4. Орта ғасырларда діндер мәдениет, ғылым және білімнің дамуына қалай әсер етті?
Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы ҚұдайғаҚұдай сенімі.Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихын басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да ол қазірдің өзінде әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының зорлығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес.
Ең көп дін - яғни сенім

Христиан діні туралы:
1.Сенімдері
2.Христос Воскрес
3.Шіркеу
Христиан діні
Христиан діні (гр. Χριστός, Khristos, сөзбе-сөз аудармасы мәсіхтелгендер) Ибраһимдікдін(грекше Χριστός (Khristós) ағылшын тілінде 'anointed' - орыс тілі 'помазанный' - қазақша 'басты уқалау, сулау немесе басқа мәсіһ шалу') — Христостың өмірі мен Жаңа Өсиет іліміне негізделген монотеистік дін Әлем бойынша ең көп таралған дін. Шамамен 2.2. млрд христиан.Христиандардың басым бөлігі Исаның Құдайдың ұлы және көне өсиетте айтылған адамзатты құтқарушы екеніне сенеді. Сондықтан христиандар Исаны Христ немесе Мессия көреді.
Сенімдері
Христиандық пен Інжілді түсіндіруде ортақ бір пікірлер жоқ. Бірақ бүкіл христиандар діннің негізі болатын, келісілген ортақ ұстанымдар бар екенін айтады.
Христиандар шіркеу
ИСЛАМ діні
Ислам (араб.әлемдік монотеисттік-ибраһимдік дін. Христиандықтан кейін дүниедегі ең көп таралған дін болып табылады. «Ислам» сөзі «бейбітшілік», (Аллаһтың заңдарына) «мойынсыну, бағыну» болып табылады. Ал шариғат терминологиясында«ислам» — толық мойынсыну, Аллаһтың алдында парыздарды орындау, одан басқа құдайларға табынбау болып есептеледі. Ислам дінін ұстанушы жан мұсылман деп аталады. Мұсылмандардың негізгі діни кітабы Құран Кәрім (араб.: классикалық әдебиараб тілінде Аллаһ тарапынан түсірілген.
Исламдық көзқарас бойынша, жаратушы Аллаһ әрдайым адамзат баласын тура жолға салып тұру үшін әр түрлі пайғамбарлар жіберіп отырған. Олардың ішінде Ибраһим (Авраам), Мұса (Моисей), Иса (Иисус) т.б. бар. Мұсылмандардың сенімі бойынша ең соңғы пайғамбар — Аллаһтың елшісі Мұхаммед .
Нұр Астана мешіті
Ең көп таралған діндердің пайыздық көрсеткіші
Атейс сенімі
Аллаһу тағалаға және ахиретке сенбейтін, ешбір дінді қабыл етпейтін, уақыт шексіз және дүниенің басы мен соңы жоқ, осындай болған осындай болып жалғаса береді дейтін, дінсіз адам. Ендеше дінсіз адамдарды-АТЕЙС деп атаймыз
Будда діні
Будда діні — б.з.б. 6 ғасырда БуддаБудда негізін қалаған философиялық және діни наным. ҮндістанныңҮндістан бүгінгі БихарБихар (мұндай бет жоқ) штатында пайда болған. Будда діні кезінде Оңтүстік Үндістан жеріндегі ШриШри Ланка Шри ЛанкаЛанкаданШри Ланка бастап солтүстікте Сібірге, батыста ЕділЕділ өз. бойына дейін тараған. Будда діні басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарады. Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша Будда дінін 1 млрд-қа жуық адам ұстанады. Будда діні фәни өмірдің азаптары — ауруАуру, кәрілікКәрілік, өлімнен құтылу жолын іздейді. Ол өмірдің қасіреті — нәпсінің тілегіне байланысты деді. Адамның денесі уақытша өмір сүреді.
**Қорытынды сұрақтар:**
1. Әлемдік діндердің басты ортақ құндылықтары қандай?
2. Буддизм, христиандық және ислам діндері өркениет дамуына қандай үлес қосты?
3. Орта ғасырлардағы мәдениет пен ғылым дамуына діннің ықпалын қалай сипаттауға болады?
4. Діндер халықтар арасында бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға қалай әсер етеді?

5. Әлемдік діндер өркениеттердің рухани-мәдени дамуына қандай ықпал етті?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы.

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Европа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №4 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы.
**Сағат саны:** 135 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2. Сабақтың мақсаты:**
Оқушыларға өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласының тарихи мәнін түсіндіру.
- Дамыту: Ұлы Жібек жолының өркениеттерді байланыстырудағы рөлін ашып көрсету.
- Тәрбиелік: Қазіргі жаһандану дәуіріндегі өркениеттердің экономикалық байланыстарын түсінуге бағыттау.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру**:** | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Өркениеттер арасындағы сауда-экономикалық әрекеттестіктің пайда болуына қандай тарихи жағдайлар әсер етті?
2. Ежелгі өркениеттер арасындағы сауда жолдарының ерекшеліктері қандай болды?
3. Ұлы Жібек жолының өркениеттерді біріктірудегі рөлі неде?
4. Орта ғасырларда халықаралық сауда орталықтарының өркениет дамуына ықпалы қандай болды?
5. Сауда-экономикалық қатынастар тек материалдық қана емес, мәдени және рухани ықпалдастыққа қалай әсер етті?

Адамзат тарихында өркениеттер арасындағы қарым-қатынас әрқашан маңызды рөл атқарып келген. Сауда-экономикалық байланыстар өркениеттердің өзара әрекеттесуінің ең көне әрі ең тиімді түрі болды. Сауда тек материалдық игіліктер алмасуын ғана емес, сонымен қатар мәдени, діни және ғылыми жетістіктердің таралуына ықпал етті. Экономикалық әрекеттестік өркениеттердің дамуын жеделдетіп, халықтардың бір-бірін жақыннан тануына мүмкіндік берді.

1. Ежелгі өркениеттердегі сауда-экономикалық байланыстар

Алғашқы сауда қатынастары ежелгі Мысыр, Шумер, Қытай және Үндістан өркениеттерінде қалыптасты. Олар өзара шикізат, металл, қолөнер бұйымдары мен азық-түлік алмасып отырды. Сауда жолдары теңіз арқылы да, құрлық арқылы да жүріп, өркениеттерді байланыстырушы факторға айналды.

2. Ұлы Жібек жолының рөлі

Ұлы Жібек жолы — Шығыс пен Батысты жалғаған ең ірі сауда-экономикалық артерия болды. Бұл жол арқылы Қытай жібегі, Үнді дәмдеуіштері, Орта Азияның қымбат бағалы тастары, Еуропаның металл бұйымдары таралды. Жібек жолы тек тауар ғана емес, идеялар, діндер (буддизм, ислам, христиандық), ғылыми білімдер таралуының жолы болды.

3. Орта ғасырлардағы сауда орталықтары

Орта ғасырларда Самарқанд, Бұхара, Каир, Дамаск, Стамбул, Венеция сияқты қалалар халықаралық сауда орталықтарына айналды. Бұл қалаларда сауда жәрмеңкелері ұйымдастырылып, әртүрлі халықтар арасындағы экономикалық байланыстар күшейді. Мұндай орталықтар өркениеттердің тоғысқан жері болып, мәдени ықпалдастыққа жол ашты.

4. Қазіргі замандағы сауда-экономикалық әрекеттестік

Бүгінгі таңда өркениеттер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастар жаңа деңгейге көтерілді. Халықаралық сауда ұйымдары (Дүниежүзілік сауда ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Еуроодақ) елдердің өзара тиімді ынтымақтастығын дамытты. Ғаламдану дәуірінде экономикалық байланыстар ақпараттық технологиялар, көлік жүйесі, халықаралық банктер арқылы жедел жүріп жатыр. Бұл қазіргі өркениеттердің даму қарқынын жеделдетіп, әлемдік экономикаға өзара тәуелділік әкелді.

Сауда-экономикалық әрекеттестік — өркениеттердің дамуы мен өркендеуінің негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Ежелгі дәуірдегі Ұлы Жібек жолынан бастап, қазіргі замандағы халықаралық экономикалық ұйымдарға дейінгі кезеңдер өркениеттер арасындағы қарым-қатынастың үздіксіздігін көрсетеді. Сауда халықтарды тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, мәдени, рухани және ғылыми тұрғыдан да жақындастырады.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Сауда өркениеттер дамуының қандай негізгі қозғаушы күші болды?
2. Ұлы Жібек жолының өркениеттерді жақындастырудағы тарихи маңызы неде?
3. Экономикалық байланыстар мәдени, діни және ғылыми алмасуға қалай ықпал етті?
4. Орта ғасырдағы сауда орталықтары өркениеттердің дамуына қандай үлес қосты?
5. Қазіргі жаһандану дәуіріндегі өркениеттер арасындағы экономикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері қандай?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аудрма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954


## №5 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Адамның шығу тегі теориялары.

**Сағат саны:** 135 мин.

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

- Білім беру: Адамның шығу тегі туралы негізгі ғылыми және діни көзқарастарды (эволюциялық, креациялық, антропогенездік теориялар) түсіндіру.
- Дамыту: Студенттердің салыстырмалы талдау жасау, ғылыми деректерді дәлелдермен түсіндіру дағдыларын дамыту.

- Тәрбиелік: Жаратылыстану ғылымдары мен адамзат өркениетінің дамуын байланыстыра отырып, адам шығу тегі мәселесіне сыни көзқарас қалыптастыру.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.

Миға шабуыл: 15 мин.

Үй тапсырмасын сұрау: 40 мин.

Үй тапсырмасын қорытындылау: 15 мин.

Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Сабақты қорытындылау: 20 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Окулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Адамның шығу тегі туралы қандай теориялар бар?
2. Эволюциялық теорияның негізгі ұстанымдары қандай?
3. Ч. Дарвиннің адам эволюциясын түсіндірудегі рөлі қандай?
4. Антропогенез процесі дегеніміз не және оның кезеңдері қандай?

**Адамның шығу тегінің теориялары. Адамның маңызын тарихи іздеу**

Адамның ғарыштық тұжырымдамасы. Көне құжаттарды, аспан жараты-лыстарының пайда болуы туралы библиялық мәтіндерді талдау, Пасхааралын-дағы мүсіндер сияқты табиғи объектілерді зерттеу негізінде, жерден тыс өрке-ниет өкілдерінің Жерге келу (палеовизит) мүмкіндігі туралы тезис ұсынылады.

Ғарыштық келімсектер ер және әйел адамдардың пайда болуына мүмкіндік туғызды, өйткені адамзаттың қалыптасуына және дамуына қозғау салды деп жорамалданды. Палеовизит тұыжырымдамасы XXI ғасырда да өзінің жолын қуушыларды тапты.

**Діни-мифологиялық тұжырымдама.**

Мифология алдыңғы ұрпақты "адастыру нысаны" ретінде емес, бірақ адамның өзін-өзі тануының маңызды сатысы ретінде қарастырылады.Құдай көне египеттік философияда адамды қыш ортасында балшықтан жасайды, осы ұқсас түсінік шумер мифіне тән болып табылады. Антикалық дәуірде адамның пайда болуы оның Ғарышпен өзара байланысына немесе "микроғарышпен" (адаммен) және "макроғарышпен" (табиғатпен) өзара байланысы бірыңғай тұтастық ретінде қарастырылды. Христиандық шеңберінде адамзаттың тұтастығы, оның Құдаймен қатынасы туралы ілім тұжырымдалды.

Адамды, Қасиетті жазу бойынша Құдай дүниені жаратқаннан кейін соңғы (алтыншы) күні жаратты. Христиандық антропология адамды табиғат (биологиялық) және табиғаттан тыс (теологиялық) салада шектейді. Адам дене, жан, рухтан тұрады. Адамның дене өмірінің басқа

жанды тіршілік иелерінен айырмашылығы болмайды. Жан кез келген тірі ағзада болады. Рух - тек оған ғана тән адамның жоғары көрінісі. Рухтың пайда болуы әрбір адамның өмірінде "басшылық бастауы" болуы тиіс. Біріншіден, адамға жаратушы мен жаратылыстың, рух пен дененің, екіншіден, оған сәйкес тек адам оның барлық нысандарындағы дамудың бастапқы нүктесі болып табылатын антропоцентризмнің қарама-қайшылығы ретіндегі дуализм (қосарланушылық) тәсілінің негізі қаланды.

**Ғылыми-жаратылыстану тұжырымдамасы.**

Адамның пайда болуының ғылыми-жаратылыстану түсіндірмелерінің алғашқы әрекеттерінің біреуі Аристотельдің адамды ең «жоғары дамыған жануар», тек сөйлеумен және ойлаумен ерекшеленеді деп атаған көзқарасымен байланысты. Зоопсихология айналыса бастаған жануарлар мен адамдар арасындағы жалпы мен әр түрлі ерекшеліктер мен сипаттамаларды іздеу дәстүрі біртіндеп пайда бола бастайды. XVIII ғ. К. Линней табиғат объектілері мен құбылыстарын және оған адам-homo sapiens (Ақылды адам) да енетін бірыңғай жүйесін енгізуді ұсынды.

Ч. Дарвин келесі бекітулерде негізделген адам эволюциясы принципін тұжырымдады: а) адамның бастауы үшінші кезеңге түр ретінде қарастырады; б) адамның арғы ата бабалары адам тәріздес маймылға ұқсас жаратылыс болып табылады; в) адамның пайда болған орны - африкалық континент. Адамның қалыптасуының негізгі биологиялық факторлары және заңдылықтары: а) түзу жүру; б) жоғары приматтардың алдыңғы аяқтарын арнайыландыру; в) айқын сөйлей алу; г) дамыған сезім органдары; д) ми қызметі. Солардың негізінде Дарвин бойынша адамның тууы биотикалық, абиотикалық және әлеуметтік факторлар және жағдайлардың өзара әрекеті ретінде болды.XIX ғ. ортасында эволюциялық процесте адамды тартуды растайтын фактологиялық материал біртіндеп жинақталды. Адамның рудиментарлық (лат. rudimentus - өскін) органдары, яғни өзінің функциясын тарихи жағынан жоғалт-қан ағзаның дамымаған элементтері эволюция куәсі ретінде қарастырылды. Биологиялық кітаптардың барлығында балалардың: "арыстан секілді" және "құйрықты" ұл балалардың, біреуі - арыстанның басына ұқсас, ал екіншісі құйрықты рудиментпен түскен фотосуреттері берілген.

**Марксистік тұжырымдама.**

Адамның шығу тегі туралы Дарвин тұжырымдамасы антропогенездің марксистік еңбек теориясының негізінде қаланды.

Оның мәні Ф. Энгельстің "Адамның маймылға айналу процесіндегі еңбектің ролі" (1876) атты еңбегінде баяндалған. Биология, антропология және басқа ғылымдармен жинақталған материалдарды байыту келесі қорытындыны тұжырымдауға мүмкіндік береді. Биологиялық эволюция процесінде еңбекке өтудің алғышарттары жасалады, алайда еңбек адам қызметіне тән қару-жарақты дайындаудың басталуымен, сөйлеу және ойлаудың пайда болуы ерекшеліктерін меңгереді, бұл ерекшеліктер өмірдің әлеуметтік нысандарының қалыптасу және даму процесінде, өз кезегінде еңбек қызметімен байланысты күшейеді. Адам сыртқы табиғатты түрлендіре отырып, өзінің әлеуметтену дәрежесін арттырады.Антропосоциогенездің қазіргі замандағы тұжырымдамасы және оның негізгі ережелері.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Адамның шығу тегі жөніндегі теориялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
2. Эволюциялық теория адамзат тарихын түсіндіруде қандай маңызға ие?
3. Креациялық көзқарастың қазіргі ғылымдағы орны қандай?

4. Адамның әлеуметтік дамуы (еңбек, тіл, ойлау) эволюцияға қалай әсер етті?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Адамның шығу тегі теориялары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.
**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер**
**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.
Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).
Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.
Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.
**Қосымша әдебиеттер:**
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет
**Электронды басылымдар:**
Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.):

Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

**№6 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Этносаралық қатынастардың мәні мен мазмұнын түсіндіру;
- Дамыту: Этносаралық қатынастардағы проблемалар мен қарама-қайшылықтарды талдау;
- Тәрбиелік: Қазақстандағы этносаралық келісім тәжірибесін мысалға ала отырып, толеранттылық қағидаттарын түсіндіру.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Адамның шығу тегі теориялары.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1. Этносаралық қатынастар дегеніміз не және оның қоғамдағы рөлі қандай?
2. Этносаралық қатынастардың қандай түрлерін атауға болады?
3. Этносаралық қатынастарда жиі кездесетін негізгі проблемалар қандай?
4. Тіл мәселесі этносаралық қатынастарға қалай әсер етеді?

Этносаралық қатынастар – көпұлтты қоғамдағы әртүрлі этностардың өзара қарым-қатынасы мен байланысының жүйесі. Бұл құбылыс әрбір мемлекеттің әлеуметтік-саяси тұрақтылығы мен дамуы үшін аса маңызды. Әлемдік тарих көрсеткендей, этносаралық қатынастардың үйлесімділігі қоғамның өркениетті дамуына ықпал етсе, ал қарама-қайшылықтары әлеуметтік шиеленістерге, қақтығыстарға және саяси тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін.
Қазіргі жаһандану жағдайында этносаралық қатынастардың проблемалары бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Халықтардың миграциясы, мәдени әртүрлілік, тілдік және діни айырмашылықтар белгілі бір жағдайда түсініспеушілік пен қайшылықтарға себеп болуы ықтимал. Сонымен қатар, ұлттық саясаттың тиімділігі мен қоғамдағы толеранттылық деңгейі этностар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етудің негізгі шарттары болып саналады.
Осыған байланысты этносаралық қатынастардың проблемалары мен қарама-қайшылықтарын ғылыми тұрғыдан қарастыру – қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың және бейбіт қатар өмір сүрудің кепілі болып табылады. Этносаралық қатынастардағы проблемалар көбіне әлеуметтік, мәдени және саяси факторлардан туындайды.

**Этносаралық қатынастардағы негізгі проблемалар:**
**Тілдік қайшылықтар.** Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырумен қатар, өзге этностардың тілдік құқықтарын сақтау мәселесі туындайды.
**Әлеуметтік теңсіздік.** Кейбір этностардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен болуы теңсіздікті сезінуге әкелуі мүмкін.
**Миграциялық үдерістер.** Ішкі және сыртқы көші-қон этносаралық тепе-теңдікке әсер етеді.
**Ұлттық мүдделер қайшылығы.** Әр этнос өз мәдениеті мен дәстүрін сақтауға ұмтылады, бұл кейде ортақ мүддемен үйлеспей қалады.

**Қарама-қайшылықтардың себептері:**
тарихи әділетсіздіктер;
экономикалық ресурстарды бөлу кезіндегі теңсіздік;
діни айырмашылықтар;
ұлттық мәдениеттерге деген стереотиптік көзқарас.

**Этносаралық үйлесімділікті қамтамасыз ету жолдары:**
мемлекеттік ұлттық саясаттың әділдігі;
толеранттылық пен өзара құрметті қалыптастыру;
білім беру жүйесінде этномәдени құндылықтарды насихаттау;
халықтар достығы мен мәдениетаралық диалогты дамыту.

**Қорытынды**
Этносаралық қатынастар – кез келген қоғам үшін маңызды әрі күрделі әлеуметтік құбылыс. Оның проблемалары мен қарама-қайшылықтарын дер кезінде шешу – саяси тұрақтылық пен ұлттық бірліктің басты кепілі. Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім саясаты әлемге үлгі бола алады.

Сондықтан әрбір азамат этностар арасындағы достық пен өзара сыйластықты сақтауға атсалысуы қажет.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Қазақстан этносаралық келісімді сақтауда қандай тәжірибеге сүйенеді?
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі мақсаты қандай?
3. Этносаралық қатынастардағы қарама-қайшылықтарды шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңіз?
4. Сіз үшін «этносаралық толеранттылық» ұғымы нені білдіреді?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Европа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №7 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.

**Сағат саны:** 135 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Оқушыларға социогенез ұғымын түсіндіру;

- Дамыту: Оқушылардың салыстырмалы талдау жасау, логикалық ойлау қабілетін дамыту;

- Тәрбиелік: Қоғам дамуының күрделілігін түсіндіру арқылы тарихи-әлеуметтік сананы тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
| --- | --- |
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |

Үй тапсырмасын қорытындылау: 15 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 20 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Окулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Социогенез дегеніміз не?
2. Қоғамның пайда болуын түсіндіретін қандай теориялар бар?
3. Теологиялық теория қоғамның пайда болуын қалай түсіндіреді?
4. Патриархалдық теорияның мәні неде?
5. Органикалық теория қоғамды қандай ұғыммен салыстырады?

**СОЦИОГЕНЕЗ ТЕОРИЯЛАРЫ**

**Социогенез** – (лат.societas «қоғам» және көне грек.genesis «пайда болу») – 1) қоғамның пайда болуы жөнінде ілім; 2) қоғамның даму (эвалюция) тарихы.

**Әлеуметтік прогресс теориясы.**

XVIII ғасыр ағартушылары адамзат даму жолының торабы әлеуметтік прогресс деп санады. Адамзат қоғамының даму теориясын бірсызықты тұрғыда түсіндіру негізін XVIII ғасырда өмір сүрген шотландық ойшыл Адам Фергюсонның тарихи –философиялық теориясы қалады. Ол адамзат қоғамы «жабайлық», «тағылық»,«өркениет» секілді үш сатыдан дамитындығын көрсетеді. Фергюсонның пікірінше, бүкіл адамзат ағылшында «жабайы күйде », яғнимүліктік және әлеуметтік өзгешеліктерді білмейтін «қарапайым» терімшілер менаңшылар қауымдастығынан тұрады. Сонан соң баяу әлеуметтік прогрессбарысында малшаруашылығы мен егіншілікті игере отырып, адамзаттыңайтарлықтай бөлігі мүліктік теңсіздік пен әлеуметтік иерархиясы пайда болған«тағылық» кезеңге аяқ басты.«Тағылық» кезеңнен кейін кейбір қауымдастықтар таптық стратификация,мемлекет, қалалар мен жазу мәдениеті секілді сипаттамалары бар«өркениеттің» жоғары сатысына көшті. Фергюсон мұндай қауымдастықты өркениетті деп атады.

**Эволюциялық тұрғыдан қарау.**

Адамзат қоғамын биологиялықағзаға балама ретінде қарастырды. Оныңпікірінше, адамзат қоғамы үнеміэволюциялық жолда келеді, яғниол қоршаған ортаның сын –қатерлеріне бейімделе және оғанжауап бере отырып, қарқындыжәне біртіндеп даму үстінде. Спенсер барлық халықтардыңтағдыры бір деп есептеді, алайдаолардың сын – қатерлерге сәттіне сәтсіз бейімделуіне байланысты эволюция екпініәрқалай жүзеге асады.

**Герберт Спенсер**

(1820 – 1903)

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Қоғамдық келісімшарт теориясының негізгі идеялары қандай?
2. Күштеу теориясы қоғамның пайда болуын немен байланыстырады?
3. Психологиялық теория қоғамды қандай негізде түсіндіреді?
4. Материалистік (экономикалық) теорияның басты қағидасы қандай?
5. Ирригациялық теория бойынша қоғам қандай жағдайда қалыптасты?
6. Әр теорияның артықшылықтары мен кемшіліктерін қалай салыстыруға болады?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №8 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары.
**Сағат саны :** 135 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Мемлекет ұғымын, оның мәні мен белгілерін түсіндіру; Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін негізгі теориялармен (теологиялық, патриархалдық, келісімшарттық, күштеу, психологиялық, материалистік, органикалық, ирригациялық) таныстыру;
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |

Үй тапсырмасын сұрау: 40 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 15 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 20 мин.
Үйге тапсырма беру**:** 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Мемлекет дегеніміз не?
2. Мемлекеттің негізгі белгілері қандай?
3.Мемлекеттің қоғам өміріндегі атқаратын қызметтері қандай?
4.Теологиялық теория мемлекеттің пайда болуын қалай түсіндіреді?
5. Патриархалдық теорияның мәні неде?

**Мемлекет түсінігі**

**Мемлекет** – белгілі бір аумақтағы халықты басқаруды жүзеге асыратын, қоғамдық тәртіпті сақтайтын, заң шығару және оны орындауды қамтамасыз ететін саяси билік ұйымы.

**Мемлекеттің дамуы** – мемлекетқоғамдық еңбек бөлінісінің, жекеменшіктің пайда болуы нәтежиесінде алғашқы қауымдық құрылыс, тапқабөлінуінің туындысы. Мемлекет жария үкіметтің пайда болуы мен іс әрекетінің нәтежиесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны.

**Мемлекеттің пайда болуының, дамуының түрлері:**

Шығыс елдерінде (Иран, Индия, Араб т.б. Шығыс типтегі елдерде)мемлекеттің қалыптасуы негізінен қоғамдық меншікті қорғаумен байланысты. Себебі алғашқы қоғам ыдырау кезінде бұл елдерде күрделі құрылыстар болды: ірі су каналдарын жасау, суармалы ирригациялық жүйелер құру, құрғақшылықпен күресу. Сол меншіктіңиелері: шенеуніктер, ру, тайпа басшылары, хандар, императорлар менкорольдер болды.

**Шығыста мемлекеттердің қалыптасу себептері:**

- ірі ирригациялық жүйелерді жасау;
- оны іске асыру үшін құралдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру;
- барлық жұмыстарды бір орталықтан басқару.

Мемлекеттің басқару аппараты бұрынғы ру, тайпаны басқарған аппараттан өсіп қалыптасты. Жаңа аппарат қалың бұқарадан алыстай түсіп, әділетсіздікті, қанаушылықты күшейтті.

**Еуропа елдерінде** – мемлекет жеке меншіктің шапшаң, күрделі дамуы,қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты. Афина мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекетік билікті өз қолдарына алып, өз мүдде –мақсаттарын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер,көбінесе, демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты. Германияда мемлекеттің қалыптасуы басқаша болды. Қалың бұқара байларға тәуелді болды, феодалдық қатынастар дами бастады. Осы типті мемлекеттер еуропаның бірнеше елдерінде Ресейде, Ирландияда және т.б. Қалыптасты.

**Мемлекет пен құқықтың пайда болу теориялары:**

“Теологиялық теория”

Мемлекет пен Құқық тек қана Құдайдың әмірімен қалыптасып, дамып келеді деп түсіндіреді. Мемлекеттік билік құдайдан бастау алады деп есептелінеді. Бұл теорияны ұстанушылар “Барлық билік Құдайдан” деген қағиданы берік ұстанады.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Қоғамдық келісімшарт теориясының негізгі идеялары қандай?
2. Күштеу теориясы бойынша мемлекет қалай пайда болды?
3. Психологиялық теорияның ерекшеліктері қандай?
4. Органикалық теория мемлекетті қандай ұғыммен салыстырады?
5. Материалистік (марксистік) теория мемлекеттің пайда болуын немен байланыстырады?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.


**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет


**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954


**№9 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы. №1 аралық бақылау
**Сағат саны:** 90 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Антикалық дәуірдегі әлемдік империялар (Ежелгі Египет, Ассирия, Парсы, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Грекия және Рим империясы) туралы түсінік беру;
- Дамыту: Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыру, талдау, қорытынды жасау қабілетін дамыту;
- Тәрбиелік: Әлемдік өркениет тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**
Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.
Миға шабуыл: 5 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 5 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 5 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
**№1 аралық бақылау**
1. "Өркениет" ұғымы нені білдіреді?
2. Ақпараттық технологиялар өркениеттің дамуына қалай әсер етті?
3. Әлемдік діндерге қандай діндер жатады?
4. Діндер өркениет дамуына қандай әсер етті?
5. Ежелгі өркениеттер арасындағы негізгі сауда жолы қалай аталды?
6. Адамның шығу тегі туралы эволюциялық теорияны кім ұсынды?
7. Этносаралық қатынас дегеніміз не?
8. Этносаралық қақтығыстардың алдын алу жолдары қандай?
9. Социогенездің негізгі теорияларын атап, олардың айырмашылықтарын сипаттаңыз?
10. Социогенез дегеніміз не?
11. Мемлекеттің қоғамдағы рөлі қандай?
12. Мемлекеттің негізгі белгілерін атаңыз?
13. Александр Македонскийдің жорықтарының тарихи маңызын түсіндіріңіз?
14. Антикалық кезеңдегі ең ірі империяларды атаңыз және олардың ерекшеліктерін сипаттаңыз?

15. Араб шапқыншылықтарының мұсылман мәдениетінің таралуына әсерін сипаттаңыз?
16. Наполеон жорықтары Еуропаның саяси картасына қандай өзгерістер әкелді?
17. Наполеон қандай заңдар жинағын енгізді?
18. Буржуазиялық революция дегеніміз не?
19. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғамның дамуына қалай әсер етті?
20. Революция дегеніміз не?
21. Қазақстан аумағындағы ЮНЕСКО қамқорлығына алынған мұралар туралы не білесіз?
22. Қайта өрлеу дәуіріндегі өнер мен адам бейнесінің өзгерісін сипаттаңыз.
23. Адамгершілік құндылықтар не үшін қажет деп ойлайсыз?
24. Жаһандану дегеніміз не?
25. Дәстүрлі экономика дегеніміз не?

Антикалық кезең (б.з.д. I мыңжылдық – б.з. V ғасыры) – адамзат өркениетінің дамуындағы ерекше тарихи дәуір. Бұл кезеңде алғашқы ірі мемлекеттер мен әлемдік империялар қалыптасты. Олар саяси, мәдени, экономикалық тұрғыдан бүкіл аймақтарға ықпал етіп, әлемдік өркениеттің дамуына үлкен үлес қосты.

**Империя** – бірнеше халықтар мен территорияларды біріктірген, орталық билікке бағынатын ірі мемлекет.

Антикалық империялардың басты белгілері:

Күшті орталықтанған билік (монархия немесе деспотия);

Ұлттық, этникалық тұрғыдан көп құрамды халық;

Жоғары дамыған әкімшілік жүйе мен әскер;

Экономикалық және мәдени ықпалдың кеңеюі.

**2. Ежелгі Шығыс империялары**

Антикалық империялардың алғашқы үлгілері Ежелгі Шығыста қалыптасты:

**Ежелгі Египет** (б.з.б. III мыңжылдық): Ніл аңғарындағы орталықтанған билік, фараон билігінің күшеюі.

**Вавилон патшалығы** (б.з.б. XVIII ғ. – Хаммурапи кезеңі): алғашқы заң жүйесі қалыптасты.

**Ассирия империясы** (б.з.б. IX–VII ғғ.): әскери күшке негізделген алғашқы жаулап алушы империя.

**Парсы империясы** (б.з.б. VI–IV ғғ.): Ахемен әулеті билік еткен, әлемдегі алғашқы көпұлтты және көпдінді империялардың бірі. Дари мен Кир патшалар әкімшілік жүйені жетілдіріп, жолдар мен байланыс жүйесін дамытты.

**3. Антикалық Грекия және Александр Македонский империясы**

**Ежелгі Грекия** – қала-мемлекеттерден (полистерден) құралған ел, онда демократия мен мәдениет дамыды.

**Александр Македонскийдің империясы** (б.з.б. IV ғ.):

Александр Азияны, Египетті және Персияны жаулап алып, ұлан-ғайыр аймақты біріктірді.

→ Нәтижесінде **эллинистік мәдениет** қалыптасты – грек және шығыс өркениеттерінің синтезі.

**4. Ежелгі Рим империясы**

**Рим республикасы** кезеңінде (б.з.б. VI–I ғғ.) Италия, кейін Жерорта теңізі аумағы біріктірілді.

**Рим империясы** (б.з.б. 27 ж. – б.з. V ғ.) – алғашқы нағыз **әлемдік империя**:

Ірі әкімшілік, құқық және әскери жүйе құрды;

Латын тілі мен рим құқығының ықпалы Еуропа мен Жерорта теңізіне тарады;

Рим мәдениеті Батыс өркениетінің негізін қалады.

**5. Антикалық империялардың маңызы**

Әлемдік мәдениет пен саясаттың дамуына ықпал етті;

Мемлекеттік басқару жүйелерінің (салық, заң, әкімшілік) негізін қалады;

Әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің тоғысуына жағдай жасады;

Кейінгі ортағасырлық және қазіргі заманғы мемлекеттерге үлгі болды.

**Қорытынды**

Антикалық кезеңдегі империялар – адамзат өркениетінің алғашқы «ғаламдық» құрылымдары болды. Египеттен Римге дейінгі бұл мемлекеттер билік, мәдениет және қоғамды ұйымдастыру саласында адамзатқа баға жетпес тәжірибе қалдырды.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы. №1 аралық бақылау

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №10 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары.

**Сағат саны:** 135 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Оқушыларға араб шапқыншылықтарының себептері мен салдарын, ислам дінінің таралуын және Крест жорықтарының шығу себептері мен тарихи маңызын түсіндіру.

- Дамыту: Оқушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамыту;
- Тәрбиелік: Толеранттылыққа, діни және мәдени әртүрлілікті құрметтеуге тәрбиелеу;Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары жайлы түсінік беру.

Крест жорықтары деп Еуропа феодалдарының XI ғасырдың аяғынан XIII ғасырдың соңына дейін Таяу Шығысқа — Сирия, Палестина, Мысыр, Балқан түбегі, Кипр аралы, Кіші Азияға жасаған әскери жаулаушылық жорықтарын айтамыз. Бұл жорықтар 1096-1270 жылдар аралығын қамтыды. Крест жорықтарының басталуына Таяу Шығыстағы шаруашылықтың өрлеуі мен Батыс Еуропадағы экономикалық тоқыраудың нәтижесінде өрістеген әлеуметтік шиеленістер себеп болды. Қуатты Бағдад халифаты 1055 жылы түпкілікті ыдырауға ұшырады. Салжұқтар 1071 жылы Манцикерт түбінде Византияны жеңіп, Сирия мен Палестинаны басып алды. Византия басынан ауыр кезеңді өткізіп жатты. Император Алексей Комнин папа II Урбанға елші жіберіп, көмектесуін сұрады. Шіркеу — шығысқа жорықты ұйымдастырушы. Католиктік шіркеудің өз мақсаты болды. Шығысқа жорық арқылы ол бытыраңқы Еуропадағы саяси билікті өз қолына алғысы келді. Өзінен бөлінген шығыс шіркеуін қайтаруды ойлады. Ислам әлеміне қарсы жорыққа аттануды 77 Урбан папа бастады. Ол 1095 жылы Клермон қаласында (Франция) шіркеу жиынында мыңдаған дінбасылар мен халықтың алдында сөз сөйледі. Халықты Византияның түрік-салжұқтарына қарсы күресіне көмектесуге, Иса пайғамбар жерленген Иерусалимді мұсылмандардан азат етуге шақырды. Папа бұл жорыққа қатысқандардың барлық күнәсі кешіріледі, шайқаста қаза тапқандар о дүниеде пейішке барып, рақатқа бөленеді деп жариялады. Папа киелі жердің байлығы мен құнарлығы туралы да айтты. II Урбанның жалынды сөзі жиынға қатысушыларға ерекше әсер етті. Олар тізерлеп отырып, Иса пайғамбардың табытын азат ету үшін өмірлерін аямайтыны туралы ант берді. «Құдай осыны қалайды» деп айқайлап жүріп, сол жерде маталардан крест қиып алып, оны киімдеріне тіге бастады. Сондықтан бұл Крест жорықтары деп аталды. Кедейлердің Шығысқа жорығы. Шіркеу крест жорықшыларына көптеген

жеңілдік жасады. Олар қарыздарын төлеуден босатылды, олардың дүние-мүліктері мен отбасылары шіркеу қамқорлығына алынды. Папаның Шығыс елдерінің шұрайлы жері туралы, онда кедейлердің тез байып кететіні туралы үндеуі кедейлер арасында рақат өмірге бөлену үмітін туғызды. Осындай уағыздың нәтижесінде, 1096 жылдың көктемінде Франция мен Германияның ондаған мың кедей шаруалары тәу етуге «жорыққа» аттанды. Аш-жалаңаш кедейлер жолдарындағы венгрлердің, болгарлар мен гректердің жерлерінен өтіп бара жатып, жергілікті халықтардың азық-түлік, мал-мүліктерін тартып алды, тонаушылыққа ұшыратты, қарсыласқандарын өлтіріп, зорлық-зомбылық жасады. 1096 жылы қазан айында түрік-салжұқтарының әскері Кіші Азияға басып кірген кресшілерді толық дерлік қырып жіберді. Діни ерлік жасап, байлыққа батуды аңсаған батыстың кедей шаруалары мен рыцарьлары осылай сәтсіздікке ұшырады. Осы бірінші крест жорығы кезінде Батыс Еуропа елдерінің феодалдары бастаған, жақсы каруланған әскері Шығыста қырылып жатқан кедейлерге көмекке аттанды. 1097 жылдың басында Константинопольге келіп жеткен кресшілер өздерін дөрекі ұстады: жергілікті халықты тонап, ұлттық дәстүрлерін мазақ етті. Шығыс Рим императоры әртүрлі айла-тәсілдермен кресшілер жасақтарын Кіші Азияға бет бұрғызды. Рыцарьлардың бірінші крест жорығы. Ұзақ қанды шайқастан кейін кресшілер Антиохияны басып алды. Ол жерде кресшілердің бір көсемі өз князьдігін құрды да, Иерусалимге бармай, сонда қалды. Тағы бір көсем армяндардың Эдесса деген бай қаласын басып алды. Осы арада кресшілердің тағы бір мемлекеті — Эдесса графтығының негізі қаланды. 1099 жылдың шілде айында кескілескен шабуылдан кейін кресшілер Иерусалимді алды. Кресшілер қалада шектен тыс қатыгездік әрекеттер жасады. Олар әйел-еркек, бала-шаға, кемпір-шал демей, қала халқын шетінен қыра бастады. Тіпті жас балалардың басын тасқа соғып өлтірді. Қала халқының үйлерін мүліктерімен қоса кресшілер иемденіп алды. Кресшілер Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы шағын жерде өз мемлекеттерін құрды. Олардың ішіндегі ең бастысы Иерусалим корольдігі болды. Батыс Европа феодалдары жаулап алынған елдердің халқын қанды қырғынға ұшыратты, зорлық-зомбылық жасап, құлдық езгіге түсірді. Жаулаушылық жорықтардың нәтижесінде кресшілер Жерорта теңізінің шығыс бөлігін басып алды. Финикия, Сирия, Палестина жерлері, Иерусалим, Антиохия, Триполи, Эдесса, Сидон, Акра қалалары бағындырылып, солтүстіктен оңтүстікке созылған жерді қолға қаратты. Кейінгі крест жорықтары. Палестина мен Сирия халықтары басқыншы кресшілерді жек көрді, оларға қарсы күресті тоқтатпады. Сөйтіп, басқыншылар өздеріне жау елде үнемі қауіп-қатерде өмір сүрді. Франциядағы Клерво монастырының аббаты Бернар христиандарды қолына қару алып, қайтадан Палестинаға аттаиуға шақырды. Бұл шақыруды француз королі VII Людовик пен неміс императоры III Конрад қабыл алып, 1147 жылы екінші крест жорығын жасады. Олар Кіші Азияда салжұқтардан жеңіліп қайтты. 1187 жылы Мысыр сұлтаны Салах ад-Дин кресшілерді Палестина мен Сириядан қуып шықты. Иерусалим қайтадан мұсылмандар қол астына көшті. Енді оны қайтарып алу үшін Германия, Англия, Франция корольдері 1189-1192 жылдары үшінші крест жорығын жасады. Ол жорық та нәтижесіз аяқталды. Христиандар теңіз жағалауындағы енсіз жерді ғана иемденді. Иерусалим мұсылмандардың қолында қалды. 1202 жылғы төртінші крест жорығын III Иннокентий папа ұйымдастырды. Кресшілер қасиетті жерге теңіз арқылы бармақ болып, Венецияның кемелерін жалдады. Ақысын төлеуге ақшалары жетпей қалған соң, Венецияның әміршісі кресшілерді өздерімен бәсекелес Шығыс Рим империясының астанасына басып кіруге көндіреді. Сөйтіп, кресшілер христиандар қаласы Константинопольді басып алып, оны талантаражға салды. Европаның ең бай қаласын иемденген кресшілер Византияда өз мемлекетін құрып, Палестинаға бармай қалды. Олардың мемлекеті Латын империясы деп аталып, 1261 жылға дейін өмір сүрді. Осы төртінші жорық кресшілердің Иса пайғамбардың табытын азат ету үшін күресушілер емес, өздерінің баюын ғана ойлайтын тонаушы басқыншылар екенін анық көрсетті. Қасиетті жерді азат етеміз деген кресшілер алғаш басып алған жерлерінен айырыла берді. Папалар мен корольдер

1217-1221 жылдары бесінші, 1228-1229 жылдары алтыншы, 1248-1254 жылдары жетінші жорықты ұйымдастырды. Француз королі IX Людовик 1270 жылғы сегізінші крест жорығы кезінде қайтыс болды. Барған сайын ол жорықтарға қатысуға тілек білдірушілер қатары азая берді. Кресшілер арасында алауыздық, өзара қырқысулар орын алды. Крест жорықтарының салдары. Крест жорықтары Батыс Еуропа елдері тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркениеттің дамуына едәуір кедергі келтірді. Жорықтар Еуропа елдерінің ғана емес, Шығыстағы мұсылман елдерінің де шаруашылығына, мәдениетіне орны толмас зиян әкелді. Көптеген өнер туындылары қирады, кітаптар мен құнды деректер жойылып кетті. Дегенмен бұл жорықтардың Батыс Еуропа елдері үшін біраз пайдалы жақтары да болды. Біріншіден, Жерорта теңізіндегі сауданың қыза түсуіне ықпал етті. Бұл саудада Солтүстік Италия қалалары үстемдікке ие болды. Екіншіден, Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғары дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін игерді. Кресшілер мұсылман халықтарынан тамақ ішер алдында қолдарын жууды, ауық-ауық ыстық моншаға түсіп, ішкиімдерін, төсек-орындарын ауыстырып тұруды, әдемі киінуді, ас ішкенде шанышқыны пайдалануды үйренді. Үшіншіден, еуропалықтар Шығыстан жаңа егіс дақылдарын көріп, Еуропада күріш, лимон, өрік, қарбыз өсіре бастады. Еуропалықтар Шығыс халықтарынан жібек мата тоқуды, айна жасауды, металды сапалы өңдеуді үйренді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Араб шапқыншылықтарының негізгі себептері қандай болды?
2. VII–VIII ғасырлардағы арабтардың жаулап алу жорықтары қай аймақтарды қамтыды?
3. Араб халифатының құрылуы мен нығаюына не әсер етті?
4. Араб мәдениетінің дамуына жаулап алынған халықтардың қандай ықпалы болды?
5. Крест жорықтарының басталуына қандай тарихи жағдайлар себеп болды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс E.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс E.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 с- https://www.iprbookshop.ru/131954

**№11 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері.
**Сағат саны:** 135 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсерін анықтау, оның саяси, әлеуметтік және экономикалық салдарларын түсіну.
- Дамыту: Наполеон жорықтарының Еуропадағы мемлекеттердің шекаралары мен басқару жүйесіне әсерін талдау;
- Тәрбиелік: Оқушылардың тарихи оқиғаларды сын тұрғысынан талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамыту.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Наполеонның билікке келуі: 1799 жылғы 18 брюмердегі төңкеріс және консул режимінің енгізілуі. 1799 жылғы 18 брюмердегі төңкеріс Бұл төңкеріс Наполеонның билікке келуіне және Франциядағы саяси тұрақсыздықтың аяқталуына әкелді. Консул режимінің енгізілуі Консул режимі Наполеонға шексіз билік берді және оның Францияны реформалау және Еуропаны жаулап алу жоспарларын жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Наполеонның император болып жариялануы (1804 ж.). 1 1. Императорлық биліктің нығаюы Наполеонның император болып жариялануы оның билігін нығайтып, Францияны Еуропадағы басты күш ретінде орнатты. Францияның саяси және әскери беделінің артуы Наполеонның императорлық билігі Францияның саяси және әскери беделін арттырып, оның Еуропадағы ықпалын күшейтті. Наполеонның жаулап алу жорықтары

және олардың экономикалық әсері Экономикалық қорлардың қажеттілігі Наполеонның жаулап алу жорықтары үшін көптеген экономикалық қорлар қажет болды, бұл Францияның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етті. Кәсіпкерліктің дамуы және буржуазияның күшеюі Жаулап алу жорықтары кәсіпкерліктің дамуына және буржуазияның күшеюіне әкелді, себебі олар соғыс өнеркәсібінің дамуына және жаңа нарықтардың пайда болуына ықпал етті. Француз банкінің құрылуы (1800 ж.) және франктің енгізілуі Француз банкінің құрылуы және франктің енгізілуі Францияның экономикалық тұрақтылығын арттырып, оның жаулап алу жорықтарын қаржыландыруға мүмкіндік берді. Наполеонның Азаматтық кодексі және құқықтық реформалар 1804 жылы Азаматтық кодекстің (Наполеон кодексі) енгізілуі Бұл кодекс Франциядағы заң жүйесін реформалап, азаматтардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етті. Азаматтардың заң алдындағы теңдігі, меншік құқығы, әйелдер мен жұмысшылардың жағдайы Наполеон кодексі азаматтардың заң алдындағы теңдігін, меншік құқығын қорғауды және әйелдер мен жұмысшылардың жағдайын жақсартуға бағытталған еді. Наполеон жорықтарының Еуропадағы саяси өзгерістерге әсері Германия мен Италияның саяси бірігуі Наполеонның жаулап алу жорықтары Германия мен Италияның саяси бірігуіне ықпал етті, бұл олардың ұлттық сана-сезімін арттырды. Рейн одағы мен Вестфаль корольдігінің құрылуы Наполеонның жаулап алу жорықтары нәтижесінде Рейн одағы мен Вестфаль корольдігі құрылды, бұл Еуропадағы саяси картаны өзгертті. Феодалдық тәртіптердің жойылуы және қуыршақ мемлекеттердің пайда болуы Наполеонның жаулап алу жорықтары феодалдық тәртіптердің жойылуына және қуыршақ мемлекеттердің пайда болуына әкелді, бұл Еуропадағы саяси тепе-теңдікті бұзды. Экономикалық дамудың қарқыны Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы жетістіктер Наполеонның жаулап алу жорықтары Францияның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етті, мысалы, Лиондағы мата өндірісінің өсуі және машиналардың енгізілуі. Континенттік блокада және оның әсері Наполеонның континенттік блокадасы Еуропаның экономикасына теріс әсер етті, бірақ сонымен бірге Францияның өнеркәсібінің дамуына ықпал етті. Жаңа нарықтардың пайда болуы Наполеонның жаулап алу жорықтары жаңа нарықтардың пайда болуына әкелді, бұл Францияның экономикалық дамуына ықпал етті. Либерализм идеяларының таралуы Либерализмнің негізгі принциптері Либерализмнің негізгі принциптері: жеке құқықтар, еркін нарық, заң алдындағы теңдік. Джон Стюарт Милльдің көзқарастары Джон Стюарт Милль либерализмнің негізгі принциптерін қолдап, оның индустриалды қоғамның дамуына әсерін зерттеді. Либерализмнің индустриалды қоғамның дамуына әсері Либерализм индустриалды қоғамның дамуына ықпал етті, себебі ол жеке бас еркіндігін, еркін бәсекелестікті және экономикалық өсуді қолдады.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Наполеон Бонапарттың билікке келуіне қандай тарихи жағдайлар себеп болды?
2. Наполеонның басты реформаларының мәні неде?
3. Наполеон жорықтарының мақсаты қандай болды?
4 .Наполеон соғыстарының нәтижесінде Еуропадағы саяси карта қалай өзгерді?
5. Наполеон соғыстары Еуропадағы ұлттық сана мен тәуелсіздік қозғалыстарына қалай әсер етті?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Европаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**


**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.
Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).
Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.
Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.


**Қосымша әдебиеттер:**


Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет


**Электронды басылымдар:**


Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №12 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Оқушыларға буржуазиялық революциялардың мәнін, олардың индустриалды қоғамның қалыптасуына әсерін түсіндіру;
- Дамыту: Буржуазиялық революциялар нәтижесінде пайда болған жаңа әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерді талдау;
- Тәрбиелік: Тарихи оқиғаларды қазіргі заманғы қоғамның дамуы тұрғысынан бағалауға үйрету.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Буржуазиялық революциялар – жаңа дәуірдегі қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік өмірінде түбегейлі өзгерістер әкелген тарихи оқиғалар. Олар феодалдық тәртіпті жойып, капиталистік қатынастардың дамуына жол ашты.

XVII–XIX ғасырлар аралығында Англия, Франция, Нидерланд, Америка сияқты елдерде болған буржуазиялық революциялар нәтижесінде:
жеке меншік пен кәсіпкерлік еркіндігі қалыптасты;
саяси билік буржуазияның қолына өте бастады;
азаматтық құқықтар мен заң үстемдігі орнықты;
индустриялық төңкеріс пен ғылыми-техникалық прогреске негіз қаланды.

Буржуазиялық революциялар феодалдық қоғамнан индустриалды қоғамға өтудің катализаторы, яғни жеделдетуші күші болды. Олар жаңа әлеуметтік топтарды – жұмысшы табы мен буржуазияны қалыптастырды және заманауи демократиялық мемлекеттердің іргетасын қалады.

Қорытынды:
Буржуазиялық революциялар Еуропа мен әлемнің әлеуметтік-экономикалық дамуында бетбұрыс кезең болды. Олардың нәтижесінде индустриалды қоғамның негізгі белгілері – өндірістің машиналануы, нарықтық экономика, саяси бостандық пен құқықтық мемлекет – пайда болды.

**Қорытынды сұрақтар:**
1. Буржуазиялық революция дегеніміз не және ол қандай мақсаттарды көздеді?
2. XVII–XIX ғасырлардағы қандай елдерде буржуазиялық революциялар болды?
3. Буржуазиялық революциялар феодалдық жүйеге қандай өзгерістер енгізді?
4. Революциялар нәтижесінде қандай жаңа әлеуметтік таптар пайда болды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).
Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.
Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №13 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары.
**Сағат саны:** 135 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Оқушыларға қазіргі заманғы революциялардың (XX–XXI ғ.) пайда болу себептері мен олардың қоғамға, мемлекеттерге және әлемдік тәртіпке тигізген салдарын түсіндіру; саяси және әлеуметтік өзгерістердің заңдылықтарын талдауға үйрету.
- Дамыту: Оқушылардың сыни ойлау қабілетін және тарихи оқиғаларды бағалау дағдыларын дамыту.
- Тәрбиелік: Оқушылар қазіргі революциялардың негізгі себептерін, сипатын және салдарын түсінеді.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**
1. Қазіргі кездегі революциялардың мәні:

Қазіргі заманғы революциялар — қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертетін қозғалыстар. Олар әдетте халықтың наразылығынан, билікке сенімнің жоғалуынан немесе әлеуметтік теңсіздіктен туындайды.
2. Революциялардың негізгі себептері:
Саяси себептер: авторитарлық билік, демократияның болмауы, саяси еркіндіктің шектелуі.
Экономикалық себептер: жұмыссыздық, кедейшілік, әлеуметтік әділетсіздік.
Әлеуметтік себептер: жастардың белсенділігі, білім мен ақпараттың қолжетімділігі.
Технологиялық фактор: әлеуметтік желілердің, интернеттің революцияларды ұйымдастырудағы рөлі.
3. Қазіргі кездегі революциялардың мысалдары:
«Түстер революциялары» (2000–2010 жж.) – Грузия (Раушан революциясы), Украина (Қызғылт сары революция), Қырғызстан (Қызғалдақ революциясы).
«Араб көктемі» (2010–2012 жж.) – Тунис, Египет, Ливия, Сирия, Йемен елдеріндегі көтерілістер.
Гонконгтағы демократиялық қозғалыс (2019 ж.) – жастардың азаматтық еркіндік пен автономияны қорғауы.
4. Революциялардың салдары:
Оң салдары:
Демократиялық реформалар мен саяси жаңару;
Адам құқықтары мен бостандықтарының кеңеюі;
Қоғамның азаматтық белсенділігінің артуы.
Теріс салдары:
Саяси тұрақсыздық пен экономикалық дағдарыс;
Азаматтық соғыс немесе бөліну қаупі;
Мемлекеттік басқару жүйесінің әлсіреуі.
5. Қорытынды:
Қазіргі кездегі революциялар – қоғамдағы әділеттілік пен еркіндікке ұмтылыстың көрінісі. Алайда олардың табысы халықтың бірлігіне, саяси мәдениетке және биліктің өзгеріске бейімделу қабілетіне байланысты.

**Қорытынды сұрақтар:**
1. Революция ұғымын қалай түсінесіз?
2. Қазіргі заманғы революциялардың пайда болуына қандай негізгі себептер әсер етеді?
3. Экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік теңсіздік революцияға қалай ықпал етеді?
4. Ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілердің революциялардағы рөлі қандай?
5. «Араб көктемі» оқиғаларының басты себептері мен нәтижелері қандай болды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүрштібай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 с. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №14 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.
**Сағат саны:**135 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Оқушыларға ЮНЕСКО ұйымының құрылуы, қызмет бағыттары және адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын қорғаудағы рөлі туралы білім беру.
- Дамыту: Оқушылардың мәдени мұраның маңызын түсіну, тарихи ескерткіштерді сақтау мен құрметтеуге деген көзқарасын қалыптастыру, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.
- Тәрбиелік: Ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарға құрметпен қарауға, өз елінің тарихи мұраларын қорғауға баулу.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру**:** | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**
**4.Тақырыптың негізгі сұрақтары**

**ЮНЕСКО (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization — UNESCO) —** Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды. Штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді. Қазіргі таңда ұйымның 193 мүше-мемлекеті және 2 қараушы-мемлекеті бар. 1972 жылы ЮНЕСКО Әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау конвенциясын қабылдайды, қазір бұл конвенция 184 елде бекітілген. XX ғасырда ЮНЕСКО-ның аса мәнді жобалары мыналар: II дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери әрекеттерден зардап шеккен кітапхана және мұражай қорларын қалпына келтіру; Азияда, Африкада, Латын Америкасында бастауыш білім беру жүйелерін дамыту; құнды еңбектерді аудару, тікелей байланыстар орнату арқылы Батыс пен Шығыстың арасында мәдени алмасуды дамыту; дамушы елдердегі сауатсыздықты жойып, "негізгі білім беру" жүйесін қалыптастыру (оқу орталықтары Камбоджада, Үндістанда, Таиландта, Оңтүстік Кореяда, Либерияда, Түркияда, сондай-ақ бірқатар, Латын американдық елдерде, Таяу Шығыс елдерінде); өркениет ескерткіштерін сақтау. 1959 ж. ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен Мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру бойынша Халықаралық комитет жұмыс істей бастады. ЮНЕСКО негізгі мақсаты — бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы, әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту.

Мақсатына жету үшін ЮНЕСКО бес негізгі функцияларды жүзеге асырады: болашағы бар, келешекте адамзатқа керек білім, ғылым, мәдениет пен байланыс формаларын зерттеу;

білімді ғылыми зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып таныту, алмасу, таратумен айналысу;

заңнамалық іскерлікпен: ұсыныстарды іске асыруға міндет болатын халықаралық актілерді дайындау және қабылдау;

мүше-мемлекеттерге «техникалық ынтымақтастық» түрінде жобалар жасау мен дамыту салаларындағы саясатын анықтауда эксперттерінің қызметтерін ұсынады;

арнайы ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. ЮНЕСКО ұйымы қашан және қандай мақсатпен құрылды?
2. ЮНЕСКО-ның басты қызмет бағыттары қандай?
3. «Бүкіләлемдік мұра» ұғымы нені білдіреді?
4. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген нысандарды атаңыз.

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.

2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 с. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 с. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 с- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №15 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: Оқушыларға әр тарихи кезеңдегі өнердің даму бағыттары мен стильдерінің ерекшеліктерін түсіндіру, өнердің қоғам мен мәдениеттің дамуына тигізген әсерін көрсету.
- Дамыту: Оқушылардың өнер туралы эстетикалық талғамын қалыптастыру, тарихи оқиғалар мен мәдени құбылыстар арасындағы байланыстарды талдау қабілетін дамыту.
- Тәрбиелік: Әлемдік және ұлттық өнерге құрметпен қарауға, мәдени мұраларды қадірлеуге, шығармашылық ойлауға тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 5 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 30 мин |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 5 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 5 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Өнер – белгілі бір дәуірдің мәдени, саяси және әлеуметтік өмірінің көрінісі. Әр кезеңдегі қоғамдағы өзгерістер өнердің мазмұны мен формасына әсер еткен.

**Өнердің тарихи бағыттары мен стильдері:**

| Кезең | Өнер бағыты мен стилі | Ерекшелігі мен мәні |
|---|---|---|
| **Ежелгі дәуір** | Антикалық өнер | Грек және Рим мәдениеті, адам сұлулығын дәріптеу, мүсін және архитектураның дамуы. |
| **Орта ғасырлар** | Готика, Романдық стиль | Дін мен руханилық үстем болды, соборлар мен витраждар басты орын алды. |
| **Қайта өрлеу (Ренессанс)** | Гуманизм, реализм | Адам мен табиғатты шынайы бейнелеу, Леонардо да Винчи, Микеланджело. |
| **XVII–XVIII ғғ.** | Барокко, классицизм | Патша сарайының салтанаты, тәртіп пен симметрия, ұлы монархиялар дәуірі. |
| **XIX ғасыр** | Романтизм, реализм | Адам сезімін, еркіндік пен шындықты бейнелеу; өнер халыққа жақындай түсті. |
| **XX ғасыр** | Импрессионизм, кубизм, экспрессионизм, модернизм | Жаңашылдық, жеке көзқарасты білдіру, көркем эксперименттер. |
| **Қазіргі заман** | Постмодернизм, инсталляция, цифрлық өнер | Технология мен өнердің тоғысуы, жаһандану мен мәдени алмасу. |

**Қорытынды сұрақтар:**
1. Өнер мен тарихи процестер арасындағы байланыс неде?
2. Әр дәуірдегі өнердің даму ерекшеліктеріне қандай тарихи жағдайлар әсер етті?
3. Антикалық өнердің басты белгілерін атаңыз.
4. Орта ғасырлар өнерінің негізгі тақырыптары мен идеялары қандай болды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер**
**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.
Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Европа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 с- https://www.iprbookshop.ru/131954

**№16 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы.
**Сағат саны:** 135 мин.
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
- Білім беру: қазақ халқының патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің сипаты мен маңызын, көтерілістердің негізгі себептері мен кезеңдерін, С.Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі туралы кең мәлімет беру.
- Дамыту: Тақырып бойынша танымдық қызығушылығын арттыру;
- Тәрбиелік: Отан тарихына деген қызығушылығын арттыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

І . 1. Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінік

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойына тумасынан берілген сый яғни, жалпыадамзаттық құндылықтар-адамның ішкі жан-дүние қасиетінің өлшемі, адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашарлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалау арқылы дүниені, әлемді тануы деп түсінеміз.
Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне баға беруден тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Адам өзін қоршаған затты және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Сондықтан да дамып келе жатқан адамға қандай құндылық қажет деген сұрақ туындайды.

**Табиғи құндылық** –бұл адамның табиғи күші мен жан дүниесінің қабілеттілігі құндылықтары, яғни ақыл-ой, сезім, күш-жігер т.б.

**Жүре пайда болған құндылықтар** – бұл адамның интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан дамуы барысында меңгерген құндылықтар, яғни әдептілік, сыпайылық, сыйластық, жанашырлық т.б.

**Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар** — ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар.

**Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды** жарыққа шығару ізгілікке жол ашады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар барлық адами қасиеттердің өзегі болып табылады.

Өз бойында адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзі білім болып саналады. **Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау** сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінгісі келетін кез келген адам, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды адал ниетпен және ақ пейілмен таратса, сол адамды нағыз **КЕМЕЛ АДАМ** деп атауға болады.

Ақиқатты тануға ұмтылыс адамды өзіне мынадай сұрақтар қоюға итермелейді:

- Мен кіммін?
- Менің өмірдегі мақсатым не?
- Қазіргі сәтте қалайша толық өмір сүре аламын?

Өзімнің ішкі “Менімді” қалай тани аламын?

**Біздің әрқайсысымызда үш тұлға бар:**

Біріншісі – біздің физикалық тәнімізді саналы түрде сезінуіміз.

Екіншісі – басқа адамдардың біз туралы ойларынан қалыптасатын болмыс. Көптеген адамдар жалған бетперде арқылы өзінің білікті, көңіл қойып, сыйлауға тұрарлық адам екендігіне басқаларды да, өздерін де сендіруге тырысады

Үшіншісі – сүйіспеншіліктен жаратылған шынайы және нағыз Болмыс

Бұлардың екеуі де – нағыз және мәңгілік болып табылатын ішкі рухани нұрдың төңірегінде құрылған болмыс.

Біз қазір және әрқашанда сәулелі нұр болып табыламыз. Өзін-өзі жүзеге асыру (өмірден орнын табу) дегеніміз – осы сәуленің нұрына қосылу.

Жүректі айналып өткен барлық іс-әрекет шын мәнінде біздің шынайы Болмысымызды қабылдауға және көрсете білуге әсер ететін және кедергі жасайтын соқырлыққа жатады.

**2. Ақиқат құндылығының мәні.**

Ақиқат– таным теориясының негізгі категориясы, адам ойының өмір шындығымен сәйкестілігі. Ақиқат — танушы кісінің объектіні дұрыс, дәл бейнелеуі, адам санасынан тыс және тәуелсіз күйінде, өмір сүрген қалпында көрсетуі. Ақиқат категориясы білімнің затқа сәйкес келуін ғана емес, танымдық қызмет тәсілін де сипаттайды. Объективті ақиқат — білімінің адамға да, адамзатқада тәуелсіз мазмұны. Ақиқат — салыстырмалы, себебі ол ішкі қайшылықта үнемі дамып, толықтырылып, тереңдетіліп, түзетіліп отыратын процесс. Абсолюттік ақиқат — затты толық сипаттайтын, таным дамуында теріске шығарылуы мүмкін емес мызғымас ілім. Салыстырмалы ақиқат пен абсолюттік ақиқат диалектик байланыста. Салыстырмалы ақиқатта абсолюттік ақиқаттың ұшқыны бар, ал абсолюттік ақиқат салыстырмалы ақиқаттың жиынтығы негізінде құралады.

Ақиқатты танып-білу процесі — тарихи қарама-қайшылықты, шексіз процесс. Ақиқат тереңде жатады. Оны ұғынудың қиындығы да сонда. Қазақтың ғылым туралы “инемен құдық қазғандай” деген мақалы ақиқатқа жетудің мәнін де жақсы ашып береді.

**Ақиқатты жарыққа шығаруға оқытудың мақсаты** – баланың шынайы болмысын іздеуіне және бұл ізденіс – өмірдің басты мақсаты екенін жете түсінуіне көмектесу, өйткені – Ақиқат адам шынайы болмысы. Ақиқатты жете түсіну адамның ішкі кеңістігін толтыратын энергияның қуатты ағынына жол ашады. Ақиқат –өмір энергиясының өн бойынан өтетін парасатты мәңгілік

барлық болмыстың бастапқы табиғаты туралы ғылым. Ол тығыздала отырып, материалдық әлем ретінде көрініс береді.

Адамның табиғаттан шындықты айтуға ұмтылу тумысынан берілген. Адам шындықты айтқан кезде оның сөздерінде күш пайда болады. Ал өтірік айтқанда,дәлелдерді бұрмалаған кезде оның сөздері күшін жоғалтады. Егер сөз ауыр болып, басқа адамның жүрегін жаралайтын болса, үндемеген дұрыс. Әр уақытта шындықты айту және ар-ожданыңмен әрекет ету-осы екеуі әр адам өзінің бойында дамытатын рухани адамгершілік қасиеттердің ең бастысы.

**Абсолюттік ақиқат** — затты толық сипаттайтын, таным дамуында теріске шығарылуы мүмкін емес мызғымас ілім. Салыстырмалы ақиқат пен абсолюттік ақиқат диалектик байланыста.

**Салыстырмалы ақиқатта** абсолюттік ақиқаттың ұшқыны бар, ал абсолюттік ақиқат салыстырмалы ақиқаттың жиынтығы (абсолютті және салыстырмалы ақиқат) негізінде құралады.

Барлығының қайнар көзі болып табылатын тек бір ғана абсолюттік ақиқат бар. Сен оны тапқан кезде ғана, сенің әрекеттерің онымен үйлесім табады.

-Ақиқат кеңістік және уақытпен шектелмейді. Барлық ел, барлық заман, барлық адам үшін Ақиқат – біреу. Ол өзгермейді. Оның бірнеше пішіні болғанымен, ол – жалғыз.

-Біз Ақиқатты пендешілік өмірге қолданамыз да, сөйтіп сыртқы әлеммен теңдестіреміз. Пендешілік немесе материалдық әлемдегі Ақиқаттың мәні – іс жүзінде болған нәрсені немесе ойды шынайы жеткізу. Материалдық тұрғыда, Ақиқатқа жүгіну – айтқан, істеген, көрген немесе естіген нәрсені дәл жеткізу деп саналады.

Сөз Ар-ұжданды басшылыққа алса, ол Ақиқатқа айналады.

Ақиқат үшін қиындықтарға жолығуың мүмкін. Бірақ қиындықтан қашып, өтіріктің жолына түсуге болмайды. Өтірік айтып, сіз қиындықтан құтылуыңыз мүмкін,бірақ мезгілі келген кезде сіз ауыр сынаққа кезігесіз.

Ар-ождан – адамның өзін және болмысын сезіп-білуі. Ол – рухтың қалау, сезу, ұғу әрі үнемі шексіздікке ұмтылу секілді алға сүйрейтін қасиеттердің бірі.

Рухтың ерік-жігер, сезім, сана мен жүрек сияқты сезіп-білу құралдары ар-ожданның да маңызды негіздері болып табылады

Жалпыға тән ар-ождан қателеспейтін әрі адастырмайтын төреші секілді. Оның берген үкіміне бәрі риза болып, әміріне мойынсұнуы тиіс. Дау тудырған мәселелерде соңғы сөзді ар-ождан айтады

Ар-ождан алдындағы адалдық — өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты. **Әбу Нәсір әл-Фараби**

**Ақиқаттың өлшемі**

Ақиқат пен адасу мәселелерін зерттеу ақиқат өлшемі зандылықтарын карастырмайынша, толық бола алмайды. Ақиқат пен адасудың арасьш қалай ажыратып алуға болады? «Ақиқат елшемі» деп, әдетте, бір — қатар эталондарды немесе тексеру амалдарын айтамыз. Ақиқаттың елшемі бір мезгілде екі шартты қанағаттандыруы керек:

1. Ол тексерілетін білімге тәуелді болмауы керек;
2. Құптау немесе теріске шығару үшін ол белгілі бір бейнеде біліммен байланысты болуы керек.

Ақиқаттың өлшем мәселесі әрқашан таным теориясында орталық межеде болған, өйткені ондай елшемді табу ақиқатты адасудан бөліп алу амалын табумен парапар.

Философтардың кейбіреулері ақиқаттың өлшемі деп — тиімділікті, пайдалылықты және жайлылықты , енді біреулері жалпыға танымалдыльқты ұсынады, үшіншілері жаңа білімдерді ескі білімдермен қиыстыратын, акикаттың формалды логика өлшемімен шектеледі, төртіншілер білімнің ақиқаттылығын жалпы шартты келісу ісі деп түсінеді. Аталған жағдайлардың бәрінде ақиқаттың өлшемі ақылдан тысқары шығарылмайды, сондықтан білім өзімен-өзі тұйықталады, ал ақикатты айкындауға практикалык қызмет үдерісінде білімді объектімен қатар қоя

қарастырғанда ғана кол жеткізуге болады. Мұндайда ақикат өлшемі шарттарын практика, демек, коғамдық — тарихи үдеріс ретінде түсіндіретін материалдык кызмет қана қанағаттандыра алады. Практика коғамдағы адамның қоршаған дүниені материалдық игеруі болып табылады. Практика, ақиқат өлшемі ретінде көріне отырып, оған кажетті қасиеттерге ие, мысалы, объектіге бағытталады және кызметімен білім аясының шеңберінен шыға алады. Практика адамды объективті шынайылықпен қауыштырады. Онда заттар өзгеріп кетуі мүмкін. Сонымен қоса практикалык кызметтің жүзеге асырылуы білімге тәуелді. Практиканың қайсысы болса да, жаңғыртатын заттардыщ қасиеті туралы ақпарларға негізделеді, белгілі бір мақсаттан туындайды, айқын жоспармен жүргізіледі. Бұдан практиканың ойластырылған, тұшынылған сипатта болатыны белгілі.

**Адамдар ақиқаттан неге жалтарады?**

Қолында билігі немесе байлығы бар адамдарды жалған мақтау арқылы одан бірдеңе түсіп қала ма деген жалған үмітке бой алдырады. Сондай-ақ, өзін өзгелерге сыйлы етіп көрсету үшін жалған сөйлеп, жоқты бар деп айтатындар көп. Ең соңында, біреулердің көңіліне тиіп кетпейін, нем кетіп барады дейсің, иығынан қағып, өтірік мақтап қоя салайын, болмаса бассыздығын көрсем де «үндемеген үйдей бәледен құтылады» демекші, көрмегенсіп жүре берейін деген жымысқы ниеттен туған қадам бұл.

**Ақиқатпен өмір сүру қиын, бірақ игілікті.**

Қазақта «өтірікшінің құйрығы бір-ақ тұтам» деген сөз бар. Өтірік өрге баспайды дейді. Жалғандықты серік еткен, өтірік сөйлеуге дағдыланған адам қысқа мерзімдік пайда тапқандай болғанымен, негізінен үлкен залалға ұшырап жатады. Бірақ, ақыл-санасын шел басқан ондайлар қателіктерін түсінуге қабылетсіз.

**Ақиқат жолын ұстану адамға не береді?**

Шындықпен өмір сүру қиын сияқты сезілгенмен, ол түбінде сізге игілік әкеледі. Өйткені, ақиқатты Алла жақтайды. Ал бар нәрсенің негізі Алла екендігі белгілі. Егер құдай ақиқатты жақтайтын болса, онда ақиқат жолын ұстанған пенденің екі дүниеде де игілікке кенелері даусыз.

Жалғандық деген жанған от,
Жандырады арыңды,
Жалған айтып жалынсаң,
Жан тыңдамас зарыңды

-деп ақын айтқандай, жалғандықты серік етсеңіз ақырсында үлкен өкіністе қалып, ар-ұятыңызға сызат түспек. Жалғандықты серік еткен жан жалтақ, әрі әлсіз болып келеді. Ондай жан адамдардың бетіне тура қарай алмайды. Жалғандықты серік еткен жалтақ, әлжуаз пенделердің о дүниені былай қойып, осы дүниеде жолы болып, биіктерге жетуі екіталай. Сондықтан әрдайым ақиқатты ұстаныңыз және ақиқат жолымен жүруге тырысыңыз.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. «Жалпыадамзаттық құндылықтар» деген ұғымды қалай түсінесіз?
2. Адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?
3. Әлемдік діндер мен мәдениеттер адамгершілік идеяларды қалай насихаттайды?
4. Отбасы мен мектеп адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда қандай рөл атқарады?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1. Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы.

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қараганды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ү. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 с. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период
1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Европа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №17 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі.
**Сағат саны:** 135 мин
**Сабақ түрі: теория**
**2.Сабақтың мақсаты:**
-Білім беру: Оқушыларға жаһандану үдерісінің мәнін түсіндіру және оның рухани-адамгершілік құндылықтарға тигізетін әсерін талдау.
- Дамыту: Оқушылардың сыни ойлау, талдау және салыстыру қабілеттерін дамыту; дәстүрлі және қазіргі құндылықтардың айырмашылығын түсіндіру.
- Тәрбиелік: Рухани құндылықтарды құрметтеуге, адамгершілік қасиеттерді сақтауға, өз халқының мәдениеті мен дәстүріне адал болуға тәрбиелеу.
**Сабақтың барысы:**

| | |
|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі : | 5 мин. |
| Миға шабуыл: | 15 мин. |
| Үй тапсырмасын сұрау: | 40 мин. |
| Үй тапсырмасын қорытындылау: | 15 мин. |
| Жаңа сабаққа кіріспе: | 5 мин. |
| Жаңа сабақты түсіндіру: | 30 мин. |
| Сабақты қорытындылау: | 20 мин. |
| Үйге тапсырма беру: | 5 мин. |

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Қазіргі уақытта жаһандану үдерісі экономика мен саясатты ғана емес, мәдени-әлеуметтік саланы да қамтып отыр. Қазіргі әлеуметтік теориядағы жаһандану ең өзекті тақырыптардың қатарында тұрғандығы мәлім. Бұл сұрақты анағұрлым терең қарастырған ғалым – Роланд Робертсон. Біздің пікірімізше, дәстүрлік және оны құраушылар – дәстүр, әдет-ғұрып, риту- ал, қағидалар, құндылықтар болып табылады. Қоғамның модернизациялануы мен елдің дәстүрлік формасына үйлесімсіз патерналистікподдандық саясат, шашқыш-жырткыш экономика, қу жазалаушы құқық, үстемдік етуші ұлттық мәдениет, қабілетсіз әлеуметтік өмір - саясаттану мен әлеуметтанудың назар аударатын объектісіне айналмай отыр. Бұл ғылымда дәстүрліктің жеңуі, мемлекетте адам факто- ры мен адам капиталының алғашқылығын қалыптастыру, мемлекеттік орталықтанған парадигмадан социоорталықтанған парадигмаға ауысу концепциялары жасалған және ұсынылған емес.

Біздің міндетіміз – жаһанданудың дәстүрліктен тікелей бас тартуын түсіндіру, қоғамға азаматтылықтың қазіргі стандарттарын, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік серіктестігі түсінігін жеткізу болып табылады. Осыдан әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен пәндерге, ең алдымен, саясаттануға, құқық пен әлеуметтануға қазіргі қоғамның болашағына деген жауапкершілік түсіп отыр. Біздің алдымызда қоғамның дағдарыстан шығуы посткеңестік кеңістік қоғамының өтпелі кезеңін теоретикалық қамтамасыз етуді шешу міндеті тұр, біздің ойымызша, оның дамуы мен жолдары социомәдени негізде жатыр деп айтсақ та болады. Мұндай методологияға негізделген, дәстүрлі социомәдени құндылықтардың орталық зонасы қоғамның барлық саяси, құқықтық, әлеуметтік салаларындағы дәстүрліктің құралдары мен қазіргі тәсілдерін зерттеу болып табылады. Осы тұжырымға қатысты барлық әлеуметтікгуманитарлық, яғни саяси, әлеуметтанулық, құқықтық, антропологиялық, мәдени, тарихи теорияларды жекелей және жиынтық ретінде тәжірибеде қолдану, мемлекет пен қоғамның өзара әрекет формаларын, сонымен қатар тұлғаның қоғамдағы орнын анықтау мәселесін қарастырып зерттеу керек.

Еліміздегі жоғары және орта білім беру жүйелері заманның жаңа талаптарына сай құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Бұл шаралардың басты мақсаты – әлемдік білім беру мен ғылым кеңістігіне кіру. Әрине, бұл әрекеттердің тиімді жақтарын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ білім беру тек жақсы маман дайындаумен ғана шектелмейтінін айта кетуіміз керек. Оның басты мақсаты – жан-жақты білімімен бірге үлкен азаматтық және әлеуметтік қасиеттерді бойына дарытқан тұлғаны қалыптастыру. Алай- да жаһандану дәуіріндегі нарық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беруде адамдық қасиеттерден гөрі маман ретіндегі бағалану алдыңғы қатарға қойылатыны жасырын емес. Бұл білім беру өзінің кең мағынасындағы маңызын жоғалтып, «шектелген» немесе Г. Маркузе тілімен айтқанда, «бірөлшемді» адамдарды өндіру корпорациясына айналып кетпей ме деген сұрақты алға қояды.

Осы тұрғыда академик Ә.Н. Нысанбаевтың ортаға салған мына пікірі өте орынды деп ойлаймыз: «Мәдениет пен ғылым саласында либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының ықпалы артып отыр. Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен өзіндік мәдени мұраттары қатты қысымға ұшырауда, сондықтан олар өздерінің рухани мұраларын сақтап қалуға талпынуы керек. Бірақ, соны- мен қатар олар батыс мәдениетінің нормаларымен де өзара әрекеттесіп, өзара толығуы қажет. Мәселе батыс мәдениетімен бәсекеге қабілетті болу үшін құндылықтарды қайта қарап, қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып

дамыту туралы болып отыр. Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет» [1,92-б.].
Мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтау, қоғамдық және мемлекеттік тұтастықты сақтау ұлттың ішкі рухани әлеуетіне және шығармашылық қуатына байланысты. Ұлттың қалыптасуында ортақ тарихи жадымен бірге ортақ мақсат-мүдделер, идеялар да үлкен рөл атқарады.
Сондықтан қазіргі Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің болашағы осындай мақсатмүдделер мен идеялардың өміршеңдігіне және олардың интеграциялық әлеуетіне тығыз байланысты болары сөзсіз. Бұл, ең алдымен, Қазақстан мемлекеті мен қоғамның тарихи-субстанционалдық негізін құрап отырған қазақ халқына қатысты. Қазіргі қазақ зиялы қауымы мен саяси элитасы осындай ортақ мақсатмүдделер мен идеяларды өндіруге және іске асыруға қаншалықты қабілетті, көп мәселенің түйіні осыған келіп тіреледі.
Қазіргі Қазақстан қоғамы алдында тұрған бұл міндетті Б. Сексенбаев төмендегідей тұжырымдайды: «Қазақстанның тарихи міндеті «туысқан халықтардың арасында өзінің лайықты орнын» алу ғана емес, әртүрлі мемлекеттерді, халықтар мен мәдениеттерді «жалғастырушы көпір» болу ғана емес, сонымен қатар адамзат табиғаты дамуының қазіргі заманғы деңгейіне толық жауап беретін өзінің принципті түрдегі жаңа өмірлік тәсілдерін жасауға күш салуы тиіс. Тек осындай қадам ғана біздің халқымыздың жетістігі болып табылады, әрбір қазақстандық өзінің ментальды-рухани дамуына, денсаулығының мықты болуына, материалдық жағынан жеткілікті өмір сүруге байланысты жаңа сапаларды еншілейді, осының нәтижесі қазіргі қазақстандық мәдениет деп аталатын тарихи феноменнің мазмұнын құрайды» [2, 344-б.]. Автордың пайымдауынша, Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жеткен жетістіктері, мемлекеттік және қоғамдық басқару жүйесін қалыптастыруы, экономикалықсаяси қайта құруларды жүзеге асыра алуы қазақстанның мәдени-өркениеттік әлеуетінің жоғары екендігін байқатады. Біз автордың «жеке тұлғаның сапалық жағынан қайта құрылуы» деген оймен толық келісе отырып, қазақстандық өркениеттің басты өлшемдерінің бірі өмір сапасы ұғымы болуы керек деп санаймыз. Өмір сапасы тек тұрмыстық-материалдық нышандар мен алғышарттарды ғана емес, адамның рухани-шығармашылық ізденісін, бостандығын, ой еркіндігі мен жауапкершілігін де қамтитын ұғым.
Өмір сапасы тұлғаның болмыс толымдылығы мен толыққандылығын бейнелейтін категорияға айналуы қажет. Өмір сапасы өткен тарих пен бүгінгі күннің жетістігін қамти отырып, баянды болашаққа нық сеніммен қарайтын адам дүниетанымының іргетасына айнал- уы тиіс. Бұл категория жеке адамның сана кеңістігін бүкіл адамзаттың кемел рухани кеңістігімен жалғастырады. Бұл тұлға мен қоғамның рухани-мәдени және өркениеттік кеңістігінің жаңа сапалық белгісі болып табылады. Батыстың материалдық-техникалық саладағы табыстары мен Шығыстың рухани даналығы осы категорияда тоғыса отырып, адам болмысының тұтастығы мен бірлігін, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда Қазақстанда өмір сапасын жақсартудың барлық алғышарттары қалыптасқан деп айтуға болады. Жаһандану үдерісінің қарқындауына қарамастан Қазақстан қоғамында оның келеңсіз тұстарын залалсыздандыруға қажетті әлеует әлі де болса жоғары екені қуантады. Республика тұрғындары арасында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнамаға сәйкес қазақстандықтардың құндылықтар иерархиясында отбасылы болу – 48,9%, жақсылық жасау – 42,2%, денсаулық – 39,5%, жақсы қызмет – 26,5% жоғары позицияларды иеленсе, уақытты жақсы өткізу – 3,1% ең төменде орналасқан [3, 11-б.]. Сауалнама нәтижелері қазақстандық қоғамның бұқаралық

мәдениеттің қысымы мен тегеурініне қарамастан халық арасында дәстүрлі құндылықтардың берік орын алып отырғандығын аңғартады.
Сонымен қатар батыстық құндылықтарда қызметтік табысқа жету жоғары позициялардың бірін иеленген. Отбасы мен некеге деген дәстүрлі көзқарастардың өзгеруі, осы әлеуметтік институттардың қоғамдық мәртебесі мен құпиясының құлдырауы батыстық қоғамдар үшін бүгінгі күннің үлкен қасіретіне айналып отыр. Дүниеге деген көзқарас пен құндылықты қатынастың отбасында қалыптасатынын ескерсек, қоғам мен мемлекеттің бұл мәселені назардан тыс қалдырмай әрқашан қолдау көрсетуі дәлелдеуді қажет етпейді. Отбасы мен некенің жағымды көріністерін насихаттау мемлекеттік және қоғамдық маңызды ісшаралардың бірі болып табылады.
Екінші позицияға орналасқан жақсылық жасау құндылығы адам табиғатына тән және содан туындайды. Адами эгоизмді шектеп, оның бойындағы әлеуметтік бастауларды ашу, мейірімділік пен қайырымдылыққа баулу да қоғам азаматтарының өзіндік санасы мен сезімін қалыптастырудың маңызды тетіктері болып табылады. Бұл бұқаралық қоғамға тән адамдар арасындағы жаттану мен жалғыздықтың ал- дын алуға мүмкіндік береді. Адамдардың өзара тығыз қарым-қатынасы әрқайсысының басқаның тағдырына қатыстылығы сезімі қоғамдық мұратмақсаттарды жүзеге асырып, қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін зор күш екені тарихтан белгілі.
Қазіргі таңда Республикамызда салауатты өмір салтын қалыптастыру – мемлекет назарындағы маңызды бағыттардың бірі. Салауатты өмір салты Қазақстандағы ұлттық өркениеттік құндылықтардың маңыздыларының қатарынан орын алатыны сөзсіз. «Бірінші байлық денсаулық» деген халық мәтелі тек сөз жүзінде ғана емес, жеке тұлғалық және қоғамдық әрекетте жүзеге асуы қажет. Бастысы өмір сапасының ажырамас атрибуты болып табылатын салауатты өмір салты әлеуметтік енжарлықты жеңуге, тұлғаның жасампаздық қасиеттерін ашып, өз өмірі мен отбасының игілігіне жауапкершілігін арттырады деп үміттенеміз. Жаһандану үдерісінің келеңсіз жақтарының бірі профессор А.Г. Косиченко атап өткендей, «дүниежүзілік ауқымда адам енжарлығының бой алуы. Оның басты келеңсіздігі де осында. Ол адам мәніне – оның өз өміріне жауапты болуына нұқсан келтіреді. Қазіргі үдерістердің адам дамуына қалдырған көкжиегі тым тар. Адам барған сайын тұлғалық қайталанбастығын жоғалтып, унификацияланып барады. Өзін алдаусыратып, адамды өз мәніне әкелетін терең болмыстық көптүрліліктен бас тартуда. Жаһандану осы кереғар үдерістер үшін жауапты» [4, 191-б.]. Жаһанданудың бұл кереғар сипаттары адам мен қоғамның күш-қуатын байлап-матайтын үрейлі құбылыс емес. Оның осы сипаттары туралы айтқанда, мәдени және керісінше, жаһандану үдерісінің артықшылықтарының ұлттық мәдениеттерді дамытуға үлкен мүмкіндіктер туғызатынын да атап өту керек. «Бұл жағдайларда еліміздің мемлекеттік мәдени саясаты ерекше маңыздылыққа ие болады. Қазақстан өзінің беделі мен егеменділігін, азаматтар мен халықтардың қайталанбас ұлттық ерекшеліктерін қамтамасыз ете отырып, толыққанды дамуы үшін мәдени жаһанданудың барлық бағытында әртүрлі өлшемдегі «сүзгіштерді» орнатуы қажет. Бұл кедергілер Республикамыздың территориясына белгілі бір уақытқа дейін кейбір жағымсыз құбылыстардың таралуын толық тоқтатар еді. Ұлттық құндылықтар мен мүдделерге сай тәрбие алған адамдар, азаматтық қоғамды құрып, мемлекетке пікір айтуға қабілетті адамдар, болып жатқан құбылыстардың мәнін түсінетін адамдар, соның ішінде мемлекеттік мекемелерде қызмет ететіндер жаһандану үдерісінің оның тиімді, пайдалы жақтарын алып, бүлдіруге бағытталған ниеті мен үдерістеріне қарсы тұра алады» [3,7-б.]. Қазақстан қоғамы үшін осындай сын сағаты соққанда билік пен халықтың, азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың өзарабайланысы мен біртұтастығы ерекше маңызға ие болады. Әлемдік тарихтың субъектісі ретіндегі мемлекет ұлттық мәдениетті сақтаудың маңызды элементі,

сонымен қатар ол осы ұлттық мәдениеттің әлемдік кеңістікке енуінің алғышарттарын да қалыптастырады. Ал азаматтық қоғам мәдени құндылықтарды өндіруге және жоғары мәдени құндылықтарды құнсызданудан сақтауға жауапты екенін ұмытпауы керек. Жаһанданудың мәдени өзегі батыс мәдениеті, дәлірек айтсақ, АҚШ мәдениеті екені белгілі. Жаһанданған әлемдік мәдени кеңістікке ену батысқа ұқсап бағу дегенді білдірмесе керек. Отандық ғалымымыз атап көрсеткендей, ұлттық мәдениет әлемдік кеңістікке өзінің абыройы мен ар-намысын сақтай отырып та ене алады. Мұндағы бастысы – біреуге «ұнауға тырысу емес, өзіңнің ерекшелігіңді сақтай білу. Өз мәдениетіңнің аумағымен тұйықталып қалуға да болмайды, әлемдік мәдени кеңістікке кіру керек, бірақ барыңмен кіруің керек, өйткені осы мазмұн ғана құнды» [4, 201-202-б.]. Қазақстан ойшылының бұл пікірі елімізді мекендеген ұлттық мәдениеттердің барлығы үшін өзектілігін жоғалтпайды.
«Әрине, жаһандану үдерісі маңызды әлеуметтік өзгерістер қатарында тұр, әлеуметтанулық талдаулар жекелеген қоғамдарды зерттеуде шектелген, анағұрлым архайикалықты ұсынады. Көптеген фундаментальды мәселелер, біздің өмірімізде орын алып отырған, яғни экологиялық дағдарыс сияқты немесе кең масштабтағы әскери конфронтациядан сақтап қалу, өзінің көлемінде глобальды болып табылады. Сонымен қатар экономикалық және мәдени өзара тәуелділіктің өсуіне қарамастан, әлемдік глобальды жүйеде теңсіздіктің жарылуы, тек жалпы ғана емес қарама-қайшы мүдделерді де иеленеді» деген американдық ғалым Ф. Гидденс [5. 392-б.]. Мұны ғалымның өзі де жаһандану теориясындағы басты нәрсеге – модерннің жергілікті әдет-ғұрып пен дәстүрге тигізетін ықпалына, жергілікті және жаһандық диалектикаға назар аудару керектігін баса айтқан. Себебі теледидармен киноэкранда батысқа еліктеушілік, батыс көрерменіне жағымды әрі түсінікті болу ұлттық сипатпен салыстырғанда басымдылыққа ие болып бара жатқан тәрізді. Өнердің халықты асқақ мақсаттар мен құндылықтарға тәрбиелеп келгені белгілі, бірақ қазіргі күні өнер бұқараны тәрбиелеуден гөрі бұқараның соңынан еріп бара жатқандығы қынжылтады. Қазақстан қоғамы алдында жаһандану талабына абырой- мен жауап бере отырып, өзінің тек өзіне тән кемелдену жолын таңдау мәселесі туындап отыр. Қазақстандық ғалым К.У. Биекенов өзінің кітабында: «Жаһанданудың мотиві мен мақсаты капитал, товар, қызмет көрсету, сонымен қатар жұмысшы күшінің ұлттық шекарада түйісуімен және трансұлттық сипат алуымен осы үдеріске негізделуі болып табылады. Олар құндылықтар ағымымен шығарып салынуда. Билік құрылымдары алдындағы басты міндет барлық әлем халқы үшін жаһанданудың позитивті факторларын қамтамасыз ету болып табылады», – дейді. [6.146-б.] Әрбір жаңартудың жаңа кезеңдерінде технологиялық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және әлеуметтік жаңашылдық жа- тыр. Осы жаңашылдықты ендіру мен жүзеге асыру технологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешумен байланысты екендігін ұмытпауымыз керек. Бүгінде әлемді жаһандану үдерісі қамтығанымен де, тәуелсіздік алған елдер әлемдік қауымдастықта интеграцияға ұмтылуда. Сонымен қатар жаһанданудың біздің қоғам үшін жаңа саяси стратегиясын таба отырып, Қазақстан халықтарының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтарын батыс қоғамының құндылықтарымен қоса алып жүретін, бәсекеге қабілетті халықтың мәдениетін жаһандану контексінде қалыптастыру керектігін түсініп отырмыз.
«Дәстүрлі қоғамның нәтижелер, дәстүрлі мәдени құндылықтардың жинақталуы мен үйлесім табуы, дәстүрлік тәжірибесінің трансляциялануы, дәстүрлі мәдени нормалардың қалыптасуы, дәстүрлі саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік мәдениеттердің өзін-өзі ұйымдастыруы қоғамның өмір образдарының жиынтығын құрайды. Орталық зона мен қоғамның өзара әрекеттері мәдени үлгілерді ендіреді, индивидтердің бір-біріне деген тұрақты конфигурациясын анықтайды, олардың байланысы дәстүрмен қабылданған сәйкес кеңістік ортада жүреді, дәстүрлі мәдениет үлгілері мен дәстүрлі социомәдени құндылықтарды ұйымдастырады. Қоғамның негізінде дәстүрліліктің құндылықтынормативті аспектілері

қалыптасады, қоғам мүшелері консолидациясы дүниетанымдық және идеялық негізде, мемлекет пен индивидтердің өзара әрекетімен толығады. Оларды «дәстүрлі мәдениет кодексі» деп санауға болады, қоғамның жалпы информациялық-коммуникативті каналдарын және орталық зоналарды құрайды. Дәстүрлі социомәдени құндылықтар ақпараттыққоммуникативті феномен ретінде қоғамда желілік каналдарды жоғары қабілетті және тікелей, кері байланысты, көлденеңінен байланыстарды иеленеді. Ол дәстүрлі құндылықтарды қоғамның түрлі тарихи және қазіргі заман кезеңдеріне тасымалдайды, қоғамда жаңа социомәдени құндылықтардың пайда болу каналдарын ашады». [7.127-б.].
Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшею үдерісі жаһандану саласында бүгінгі күннің өзінде біртұтас жалпыадамзаттық мәдениеттің нышандары жаңа нысандарымен ұштасқан ежелгі мәдени дәстүрлердің синтезі көріне бастады. Бұл жағдай әрбір ұлттық, халықтық өзіне тән менталитеті мен мәдениетін сақтап қалу жолында орасан зор күш жігер жұмсауын талап етіп отыр. Жаһандық азаматтық қоғамның әлеуметтік базасы қоршаған орта-ны, бейбітшілікті, адам құқын және түпкілікті тұрғынның төл мәдени ерекшілігін қорғауға атсалысушы әртүрлі қозғалыстар мен ұйымдар болып табылады. Э. Гидденстің пікірінше, бұқаралық символикалық интеракцияның және ортақ ақпараттық мәдениеттің негізінде ғаламдық қоғамдық жүйе қалыптасады. Бұрындары үстемдік еткен ұлттық мемлекет келмеске кетіп барады. Билік алдыңғы орынға ықпалды әлеуметтік қозғалыстар мен азаматтық бірлестіктерді шығаратын шағын, аймақтық орталықтар негізінде жүзеге асырылуда. Кеңістік шектеу және ұлттық мемлекеттік шеңберден шығу әлеуметтік ғылымда И. Канттың «бүкіләлемдік азаматтық қалып» жөніндегі идеясының жаңғыртылуымен түсіндіріледі.
Жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді. Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді күшейтеді. Алайда әлеуметтік мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарымқатынасының күрделенуі де жаһандануға елеулі ықпал жасап отыр. Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшею үдерісі «менталдық» жаһанданудың бір көрінісі бо- лып табылып отыр. Қазіргі қоғамда мәдени көптүрлілікті сақтап қалу өркениеттің жетістігі болып бағаланады.
Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылып отыр. Бірақ ол ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Кейбір дәстүрлі мемлекеттерде аймақтық қауымдастықтардың ығыстыру үдерісі дами түседі деп есептеп отырмыз. Аймақтық қоғамдасу үдерісін бүкіләлемдік жаһанданудың зиянды әсерінен қорғанудың бірден-бір жолы деп қарайды. Мәдениеттің жаһандануы ол экономикалық жаһандануды да жалғастырады және толықтырады, бірақ өзіндік ерекшеліктерін иеленеді. Көптеген үдерістер мен тенденциялар көптеген формаларды қабылдайды. Мәдени жаһандану жоғары мәдениет пен толық бұқаралық мәдениеттің үстемдік етуімен де байланысты.
Қазақстан қоғамы қазіргі жаһандану үдерісі жүріп жатқан кезеңінде, өзінің мүдделерін қорғай отырып, даму тенденцияларын өзіндік жүргізгені дұрыс болар еді.
Біздің пікірімізше, Қазақстанда бұл үшін барлық алғышарттар қалыптасқан және XXI ғасырда Қазақстан әлемдік мәдени кеңістікке көп мәдениеттерді тоғыстыра отырып, өзіндік келбетін айқындаған өркениет ретінде енетіні күмән туғызбайды. Бұл үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет:
а) отбасылық құндылықтарды сақтау және кеңінен насихаттау. Қазақстан халықтарының отбасы мен неке институттарының дәстүрлі формаларын дамыту. М. Әуезовтің «Ел болам

десе, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзі қазақ халқының өмірлік принциптерінің біріне айналуы қажет;
б) қалалық және ауылдық аймақтардағы мәдени және бұқаралық спорт кешендерін қайта қалпына келтіру. Ауыл-селолардағы ұлттық мәдениеттерді қолдау және дамыту;
в) мәдениетті қолдаудың халық қорларын ашу және меценаттықты қолдау;
г) мәдени үдерістерді ақпараттық қамтамасыз ету. Телеарналарда «Қазақстан халықтары мәдениеті» атты апталық шолу хабарларын ұйымдастыру. Арнайы мәдениет мәселелерін көтеретін мерзімді басылымдарды жарыққа шығару;
д) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған әдебиет пен өнерге қоғамдық және мемлекеттік қолдау көрсету. Қорытындылай келгенде, осы аталған жұмыстардың жүзеге асырылғандығын құптаймыз.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Жаһандану дегеніміз не және ол қазіргі қоғамға қалай әсер етеді?

2. Жаһандану рухани-адамгершілік құндылықтарға қандай ықпал тигізеді?

3. Қандай дәстүрлі құндылықтар жаһандану барысында әлсіреуі мүмкін?

4. Жаһандану үдерісінде ұлттық мәдениетті сақтау неге маңызды?

5. Интернет пен бұқаралық ақпарат құралдары рухани құндылықтарға қалай әсер етеді**?**

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі. Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.
**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.
Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).
Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.
Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.

Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563

Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564

Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195

Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284

Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983

Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

**№18 сабақ**

**1.Сабақтың тақырыбы**: Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Аралық бақылау №2

**Сағат саны:** 90 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Оқушыларға дәстүрлі (аграрлық) экономиканың мәнін, ерекшеліктерін және басқа экономикалық жүйелерден айырмашылығын түсіндіру.

- Дамыту: Оқушылардың экономикалық ойлау қабілетін дамыту, аграрлық қоғамның тарихи дамуын талдауға және салыстыруға үйрету.

- Тәрбиелік: Еңбекқорлыққа, табиғатты қорғауға және ауыл шаруашылығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:**

1.Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин
2. Миға шабуыл: 5 мин.
3.Үй тапсырмасын сұрау: 30 мин.
4. Үй тапсырмасын қорытындылау: 30 мин.
5. Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
6. Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
7. Сабақты қорытындылау: 5 мин.
8. Үйге тапсырма беру: 5 мин.

а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

**Аралық бақылау №2**

1. Шаруашылық мамандануы дегеніміз не?
2. «Қытай кереметі» қалай жүзеге асты? Оның негізгі факторларын сипаттаңыз.
3. 1990 жылдары әлемде қандай экономикалық үрдістер басым болды?
4. Құқықтық мемлекет дегеніміз не?
5. Құқықтық мемлекеттің демократиялық мемлекеттен айырмашылығы неде?
6. Құқықтық мемлекеттің тарихи дамуына қандай оқиғалар әсер етті?
7. Азаматтық қоғам не үшін қажет және ол қалай дамиды?
8. Саяси жүйе дегеніміз не?
9. XXI ғасырдағы саяси жүйелердің басты ерекшеліктері қандай?
10. Биполярлық жүйе кезінде әлем қандай екі блокқа бөлінді?
11. Қазіргі замандағы халықаралық қауіпсіздікке төнетін басты қауіптердің бірі қандай?

12. БҰҰ қандай мақсатпен құрылды?
13. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін мемлекеттер қандай бірлескен қадамдар жасауда?
14. Жаңа заман мен қазіргі заман ойшылдарының көзқарастарын салыстырыңыз.
15. Ганди мен Кингтің күрес тәсілдерінің ұқсастығы мен айырмашылығы қандай?
16. Нельсон Мандела бейбітшілік пен теңдік үшін қандай құрбандыққа барды?
17. Мұстафа Кемал Ататүріктің жүргізген реформалары Түркияны қалай өзгертті?
18. “Жаңа бағыт” саясаты АҚШ экономикасын қалай өзгертті?
19. Рузвельттің саяси көшбасшылық қасиеттерін сипаттаңыз. Ол дағдарысты қалай басқарды?
20. Шарль де Голль Францияның беделін қалай қалпына келтірді?
21. Дэн Сяопиннің реформалары Қытай экономикасына қандай өзгеріс әкелді?
22. Ли Куан Ю мен Махатхир Мохаммад "үшінші әлемнен бірінші әлемге" деген мақсатқа қалай жетті?
23. Н.Назарбаев кім және Қазақстан тарихында қандай рөл атқарды?
24. Жазу дегеніміз не және ол не үшін қажет болды?
25. Техникалық жаңалық дегеніміз не?

**Дәстүрлі экономика.**

Экономикалық әлсіз дамыған елдерде дәстүрлі экономикалық жүйе бар. Экономикалық жүйенің бұл түрі артта қалған технологияға, қол еңбегінің кең таралуына, экономиканың көпқырлы болуына негізделеді.

Экономиканың көпмәдениеттілігі осы экономикалық жүйеде шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарының болуын білдіреді. Бірқатар елдерде шаруашылықтың қауымдық жүргізуіне және құрылған өнімді бөлудің табиғи нысандарына негізделген табиғи-қауымдық нысандар сақталады. Ұсақ тауарлы өндірістің маңызы зор. Ол өндірістік ресурстарға жеке меншікке және олардың иесінің жеке еңбегіне негізделген. Дәстүрлі жүйесі бар елдерде ұсақ тауарлы өндіріс экономикада басым болатын көптеген шаруа және қолөнер шаруашылықтарымен ұсынылған. Салыстырмалы түрде нашар дамыған ұлттық кәсіпкерлік жағдайында қаралып отырған елдердің экономикасында шетел капиталы үлкен рөл атқарады.

Қоғам өмірінде ғасырлар бойы жарияланған дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, діни мәдени құндылықтар, касталық және сословиелік бөліктер, әлеуметтік-экономикалық прогресті тежеп басым.

Негізгі экономикалық міндеттерді шешу әртүрлі тәртіптер шеңберінде ерекше ерекшеліктерге ие. Дәстүрлі жүйе үшін мұндай ерекшелік – мемлекеттің белсенді рөлі тән. Ұлттық табыстың едәуір бөлігін бюджет арқылы қайта бөле отырып, мемлекет қаражатты инфрақұрылымды дамытуға және халықтың кедей топтарына әлеуметтік қолдау көрсетуге бағыттайды. Дәстүрлі экономика ұрпақтан ұрпаққа берілетін дәстүрлерге негізделген. Бұл дәстүрлерді анықтайды, тауарлар мен қызметтер болады, кім үшін және қалай. Игіліктердің тізбесі, өндіріс технологиясы және бөлу елдің дәстүрлеріне негізделеді. Қоғам мүшелерінің экономикалық рөлі тұқым қуалаушылықпен және кастамен анықталады. Экономиканың мұндай түрі бүгінде техникалық прогресс үлкен қиындықтармен еніп бара жатқан әлсіз дамыған елдердің қатарында сақталып отыр, себебі ол, әдетте, осы жүйелерде қалыптасқан әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді бұзады.

**Қорытынды сұрақтар:**
1. Дәстүрлі (аграрлық) экономика дегеніміз не?
2. Дәстүрлі экономиканың басты ерекшеліктері қандай?
3. Бұл экономикалық жүйеде өндіріс пен тұтыну қалай жүзеге асырылады?
4. Дәстүрлі экономикада еңбек бөлінісі қандай деңгейде болады?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Сабақтың тақырыбы: Дәстүрлі (аграрлық) экономика.
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.

Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет
**Электронды басылымдар:**
Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №19 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы.

**Сағат саны:** 135 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

-Білім беру: Оқушыларға табиғи-географиялық факторлардың елдердің шаруашылық мамандандырылуына әсерін түсіндіру және әр аймақтың экономикалық бағытын анықтай білуге үйрету.

- Дамыту: Оқушылардың картамен жұмыс істеу, салыстыру және талдау дағдыларын дамыту; географиялық деректер арқылы экономикалық ерекшеліктерді түсіндіру қабілетін жетілдіру.

- Тәрбиелік: Табиғатты ұқыпты пайдалануға, өз елінің экономикалық мүмкіндіктерін бағалауға және еңбекке құрметпен карауға тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.

Миға шабуыл: 15 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 40 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 15 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 20 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**
Үй тапсырмасы: Дәстүрлі (аграрлық) экономика.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**
**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.
1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

1. Шаруашылық маманлануының мәні
Мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы — белгілі бір елдің табиғи жағдайларына, ресурстарына және экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес өндірістің нақты саласына бағытталуы.Мысалы: бір ел — ауыл шаруашылығына, екіншісі — өнеркәсіпке, ал үшіншісі — қызмет көрсетуге маманлануы мүмкін.
2. Табиғи-географиялық факторлардың әсері
Мемлекеттің шаруашылық бағыты мен құрылымына табиғи жағдайлар тікелей әсер етеді.
Негізгі факторлар:

🌍 Климаттық жағдайлар – егіншілік, мал шаруашылығы, туризмнің дамуына ықпал етеді.

⛰️ Жер бедері мен топырақ түрлері – ауыл шаруашылығы мен құрылысқа әсер етеді.

💧 Су ресурстары – энергетика, балық шаруашылығы және көлік саласына маңызды.

⛏️ Пайдалы қазбалар – өнеркәсіп пен экспорт бағытын айқындайды.

🌲 Орман және биологиялық ресурстар – орман шаруашылығы мен экотуризмнің негізі.

3. Әлем елдерінің шаруашылық маманлануының мысалдары

| Аймақ / Ел | Негізгі табиғи факторлар | Шаруашылық маманлануы |
|---|---|---|
| Ресей | Орман, пайдалы қазбалар | Мұнай, газ, ағаш және металл экспорты |
| Канада | Суық климат, орман, көлдер | Ағаш, целлюлоза, мұнай, балық шаруашылығы |
| Бразилия | Жылы климат, құнарлы топырақ | Кофе, какао, темір кені, ауыл шаруашылығы |
| Сауд Арабиясы | Мұнай қоры мол, құрғақ климат | Мұнай және газ өнеркәсібі |
| Қазақстан | Кең аумақ, пайдалы қазбалар, жайылым | Мұнай, металлургия, астық және мал шаруашылығы |

4. Қазақстанның шаруашылық маманлануы
Қазақстан табиғи ресурстарға бай, сол себепті:
Батыс аймақтар — мұнай және газ өндіру;
Солтүстік аймақ — астық шаруашылығы;
Оңтүстік аймақ — мақта, көкөніс, жеміс өсіру;
Орталық пен шығыс аймақтар — түсті металлургия және тау-кен өндірісімен ерекшеленеді.
5. Қорытынды:

kzskma.edu.kz

Табиғи-географиялық факторлар елдің экономикалық бағытын анықтайды. Шаруашылық мамандануы мемлекеттердің өз артықшылықтарын тиімді пайдалануына және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуына мүмкіндік береді.

**Қорытынды сұрақтар:**

1. Шаруашылық мамандануы дегеніміз не?
2. Табиғи-географиялық факторлардың шаруашылыққа әсері қандай?
3. Әр түрлі аймақтардың шаруашылық бағыттары немен анықталады?
4. Қазақстанның негізгі шаруашылық мамандануы қандай салаларға бағытталған?
5. Табиғи ресурстардың дұрыс пайдаланылуы не үшін маңызды?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**

1.Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**

Сабақтың тақырыбы: Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы.

Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**

- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.

Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).

Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.

Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").

Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.

Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..
Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет

**Электронды басылымдар:**

Шүршітбай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Европа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954

## №20 сабақ

**1.Сабақтың тақырыбы**: Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.

**Сағат саны:** 135 мин

**Сабақ түрі: теория**

**2.Сабақтың мақсаты:**

- Білім беру: Оқушыларға мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне қарай бөлінуінің негізгі көрсеткіштері мен белгілерін түсіндіру.-
- Дамыту: Экономикалық деректерді талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.
- Тәрбиелік: Әлем елдерінің дамуындағы теңсіздікті түсіне отырып, өз елінің экономикалық дамуына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі : 5 мин.

Миға шабуыл: 15 мин.
Үй тапсырмасын сұрау: 40 мин.
Үй тапсырмасын қорытындылау: 15 мин.
Жаңа сабаққа кіріспе: 5 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
Сабақты қорытындылау: 20 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
а) Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**

Үй тапсырмасы: Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы.

**Жаңа сабақты түсіндіру:**

**мақсаты:** жаңа тақырып бойынша түсінік беру.

1. Дәріс түсіндірме түрінде жүргізіледі.
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
3. Оқулықпен жұмыс жасау.
4. Қорытынды.

**Ақпаратты – дидактикалық бөлім.**

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары**

Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі туралы түсінік.Мемлекеттің экономикалық даму деңгейі — оның өндірістік қуатының, ғылыми-техникалық дамуының, халықтың өмір сүру деңгейінің және ұлттық табыстың көлемімен анықталады.

2. Жіктеудің негізгі көрсеткіштері:

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және жан басына шаққандағы ЖІӨ;
Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының үлесі;
Экономика құрылымы (индустриялық, аграрлық, қызмет көрсету саласы);
Экспорт құрылымы;
Әлеуметтік көрсеткіштер (білім, денсаулық, өмір сүру ұзақтығы).

3. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне қарай жіктелуі:

Санат Сипаттамасы Мысалдар
Дамыған елдер Экономикасы жоғары дамыған, өнеркәсіп, ғылым, технология деңгейі жоғары, өмір сапасы жақсы АҚШ, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Франция
Дамушы елдер Экономикасы әркелкі дамыған, ауыл шаруашылығы басым, әлеуметтік мәселелер бар Үндістан, Бразилия, Индонезия, Египет, Мексика
Өтпелі экономикасы бар елдер Бұрынғы социалистік елдер, нарықтық экономикаға өтіп жатқан мемлекеттер Қазақстан, Польша, Чехия, Венгрия
Артта қалған елдер (аз дамыған) Экономикасы әлсіз, кедейшілік жоғары, инфрақұрылым дамымаған Ауғанстан, Чад, Нигер, Эфиопия

4. Қазіргі экономикалық даму ерекшеліктері:

Ғылыми-техникалық прогрестің ықпалы;
Цифрландыру мен инновацияның артуы;
Табиғи ресурстарға тәуелділік мәселесі;
Әлемдік экономикалық интеграция (БҰҰ, ДСҰ, ЭЫДҰ және т.б.).

5. Қазақстанның орны:

Қазақстан — өтпелі экономикасы бар ел. Елдің басты мақсаты — экономиканы әртараптандыру, инновацияны дамыту және шикізатқа тәуелділікті азайту.

**Қорытынды сұрақтар:**
1. Мемлекеттің экономикалық даму деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштерді атаңыз.
2. Дамыған және дамушы елдердің айырмашылығы неде?
3. Өтпелі экономикасы бар елдер дегеніміз не?
4. Әлем елдерінің экономикалық теңсіздігі неліктен сақталып отыр?
5. Қазақстан экономикасының даму бағыты қандай?

**Жаңа тақырыпты бекіту:**
1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

**Сабақты қорытындылау:**
1. Білім алушыларды бағалау.
2.Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.

**Үйге тапсырма беру:**
Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі
Реферат,өзіндік жұмыстар жасау.

**5. Оқытудың түрлері мен әдістері:**
- ауызша сұрау, пікірталас, кіші топтарда жұмыс жасау, презентация, жазбаша жұмыс, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

**6. Әдебиеттер:**

**Негізгі әдебиеттер**

**Данн Росс** Е. Panorama : Дүниежүзі тарихы.1-кітап = Panorama : A world history : Оқулық / Росс Е.Данн, Лора Дж. Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Р.Исаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 532 бет. с.
Данн Росс Е. Panorama:Дүниежүзі тарихы, 2-кітап = Panorama:A world history : Оқулық / Росс Е.Данн,Лора Дж.Митчелл ; Қаз.тіл.ауд.Г.Жолдасбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 492 бет. с. : (Рухани Жаңғыру).
Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныб. арналған оқулық / Ә. Шүпеков [және т. б.]. - 3-ші бас., өнд., толық. - Алматы : Мектеп , 2014. - 216 б.
Кастро Ф. Тарих мені ақтап алады : монография / Ф. Кастро ; Ауд. Ә. А. Әбдірахманұлы. - Астана : Б. ж., 2000. - 88 с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 1 : Ежелгі Шығыс. - Астана : Фолиант, 2005. - 472 бет с. - ("Мәдени мұра").
Тарих адамзат ақыл - ойының қазынасы. 10 т. Т. 5 : Ресей тарихи ойы. - Астана : Фолиант, 2005. - 576 бет. с. - Текст : непосредственный.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-ші т. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы : монография / Құраст С. Ф. Мәжитов. - Астана : Фолиант, 2005. - 412 с.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-ші т. Ортағасырлық тарихи ой : монография / Құраст. Н. А. Атығаев. - Астана : Фолиант, 2005. - 509 с.

**Қосымша әдебиеттер:**

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова, А. С. Ибраева, Г. Н. Аязбаева. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2020. - 280 б. : сур.
Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 : жаңа замандағы тарихи ой. - Астана : Фолиант, 2005. - 432 бет. с.
Ювалы А. Жалпы түркі тарихы : оқу құралы / А. Ювалы, Н. Имашова. - Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2004. - 348 с..

Қайырбекова Р. Р. Дүниежүзі тарихы (1945-2014 жж.) : жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныб. арналған оқулық / Р. Р. Қайырбекова. - 2-ші бас. - Алматы : Мектеп , 2015. - 328 б.
Сәмитұлы, Жақсылық. Қытайдағы қазақтар : тарихи әдебиет / Жақсылық Сәмитұлы. - Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. - 312 бет


**Электронды басылымдар:**

Шүрштібай Б.Ш. Ш 96 Қандастарымыздың Отанына оралу тарихы (1991 – 2010 жж.): Монография. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. 2021. – 156б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/3113
Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Кеңес мемлекетінің тарихы (Ресей тарихы негізінде). Оқу құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 215 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2994
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 1-кітап / Ауд. Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева, Ж. Қожабекова т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 532 б. https://rmebrk.kz/book/1171563
Данн, Росс Е.Panorama: Дүниежүзі тарихы : Оқулық. 2-кітап / Ауд. Г. Жолдасбаева, Р. Исаева, Ұ. Кенжебаева т.б.. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 492 б. https://rmebrk.kz/book/1171564
Тарих. Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы : оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2023. — 109 c. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: https://www.iprbookshop.ru/13195
Бижанова, А. Е. Еуропа мен Американың тарихы : ТжКБ үшін оқу-әдістемелік құралы / А. Е. Бижанова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2025. — 289 c. — ISBN 978-5-4488-2411-1. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/148284
Кыздарбеков Б. Современная история Казахстана (советский период 1917-1991гг.) Учебник. Караганда: ТОО «Medet Group», 2021. – 321 стр. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2983
Дүние жүзілік тарих. Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі тарихы : ТжКБ үшін оқу құралы / составитель Ш. А. Торгаутова. — Алматы, Саратов : EDP Hub (Идипи Хаб), Профобразование, 2023. — 108 c- https://www.iprbookshop.ru/131954